



● ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТТЫ
ҰЙЫСТЫРАТЫН
ЖЕТІ ҚАҒИДА 2

● А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150



ҰЛТ АЛДЫНДАҒЫ
ҰЛЫ МІНДЕТ 9

● #КҮШІМІЗБІРЛІКТЕ



ТАТУЛЫҚТАН
АСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ
ЖОҚ 7

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.10.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

9.10.2022

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №117-118 (6253) 8 қазан, сенбі, 2022 жыл.

● ӘКІМ

ЖЕТІНШІ АУДАНДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Қала әкімі Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті



Алатау ауданы жұртшылығымен кездесуде қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 300-ден астам адам келді.

4-5

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚЫСҚА 100% ДАЙЫН

«Алматыжылужайэнерго» ЖШС қазандықтарында
көмір мен мазуттың қоры жеткілікті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматының коммуналдық қызметтері алдағы жылыту маусымына дайындықты ағымдағы жылдың мамыр айында бастаған. Жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілді.

Бірінші кезекте жылуға денсаулық сақтау, білім беру ғимараттары және өзге де әлеуметтік объектілер қосылатын болады. Содан кейін жылу көппәтерлі тұрғын үйлерге беріледі. Алдымен балабақша, мектеп, емхана сияқты әлеуметтік мекемелерге жылу беріледі. Содан кейін тұрғын үйлер, жатақхана, әкімшілік ғимараттар мен мәдени нысандарға қосылады. Жалпы, құзырлы мекеме қаладағы жылу желі-

лерінің алдағы жылыту маусымына тас-түйін дайын екенін айтып отыр. 413 білім беру, 129 денсаулық сақтау объектісі және 8476 тұрғын үй қорының объектісі дайындықтан өтті. «Алматыжылужайэнерго» ЖШС қазандықтарында көмір мен мазуттың қоры 100%-ды құрайды. «АлЭС» АҚ (ЖЭО-1,2, БЖК) энергия көздерінде көмір қоры 118%-ды және мазут 118%-ды құрайды.

● ҚЫСҚА...

- Президент ТМД мемлекеттері басшыларының бейресми жиынына қатысу үшін Ресейдің Санкт-Петербург қаласына барды.
- Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы аптада бірқатар халықаралық іс-шараға қатысады.
- Президент ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы атады.
- Бүгін Алматыда Мемлекет басшысы жариялаған «Қоқыссыз таза табиғат» жалпыұлттық акциясы аясында жаппай экологиялық сенбілік өтеді.
- Алматыдағы жұмыссыздар әлеуметтік жұмыс орындарына орналаса алады.
- «Алматы жастары» бағдарламасына қосымша өтінім қабылданады.
- Шаһарда 25 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты.
- Қазақстандық Құрал Жоламан гидрокостюмсіз Гибралтар бұғазын 5 сағат 58 минутта жүзіп өтті.
- Есту қабілеті бұзылған алматылықтарға сурдологиялық көмек көрсету аясы кеңейді.
- Тазы мен төбетті сақтау және қалпына келтіру мәселелері бойынша жеке заң әзірленетін болады.

www.almaty-akshamy.kz



3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы аптада бірқатар халықаралық іс-шараға қатысады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

11-12 қазанда Қатар Әмірі шейх Тәмім бен Хамад Әл Танидың Қазақстанға мемлекеттік сапары жоспарланған.

12-13 қазанда Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді.

13 қазанда Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммиті өтеді. Шара аясында Президент мемлекеттер мен үкіметтер басшыларымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың жетекшілерімен бірқатар екіжақты кездесу өткізеді.

14 қазанда елордамызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесі және «Орталық Азия – Ресей» саммиті жоспарланған.

15 қазанда Қазақстанға Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов мемлекеттік сапармен келеді.

■ СЕНАТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Депутаттар екі заңды қарап, қабылдады. Оның бірі ЕАЭО елдері мен Иран арасындағы сауда-саттыққа қатысты болса, екіншісі Қазақстанның Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімге қосылуына байланысты Заң. Бұл Заң ЕАЭО елдері мен Иран арасындағы сауда-экономикалық іс-қимылды қолдауға бағытталған және Қазақстан мен Иран Ислам Республикасы арасындағы тауар айналымының ұлғаюына оң әсерін тигізбек. «Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңда қарастырылған нормалар еліміздің сарапшылары үшін Жаһандық жасыл өсу институтының білім базасы қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. «Келісім елімізде жасыл экономика моделін енгізу ісін ілгерілетуді көздейді. Қабылданған заң Жаһандық жасыл өсу институтының серіктес елдерімен экологиялық технологияларды дамыту саласында тәжірибе алмасуға жол ашады. Сол арқылы Қазақстанды теңгерімді және тұрақты дамытуға өз үлесін қосады деп сенеміз», – деді Сенат Төрағасы.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Каспий теңізіндегі Қазақстан–Түрікменстан шекарасын межелеу туралы шартты ратификациялау туралы заң жобасын мақұлдап, мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша заң жобасын жұмысқа алды.

«Шарттың ратификациялануы және күшіне енуі оңтүстік межелерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын межелеу үдерісін толық аяқтауға мүмкіндік береді. Ол Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекараны заңды түрде бекітетін тарихтағы алғашқы құжат болмақ», – деді Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді. Шартты қабылдау мемлекеттер арасында Каспий түбін бөлуге қатысты Түркіменстанмен даулардың туындауына ықтимал алғышарттарды жояды. Сондай-ақ, Каспий теңізі түбінің қазақстандық секторының инвестициялық тартымдылығын арттырады және жер қойнауын пайдалануға және су биологиялық ресурстары кәсіпшілігіне егеменді құқықтарды іске асыру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Мәскеуде ұйымдастырылған екінші Каспий экономикалық форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі.

Географиялық орналасуы және бірегей транзиттік әлеуеті жағынан Каспий теңізі халықаралық сауданы дамытуда маңызды рөл атқарады. «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік және Шығыс-Батыс көлік дәліздерінің әлеуетін арттыратын трансшекаралық хабтарды қалыптастыру бойынша үлкен жоспарлары бар. Бұл – Ақтау және Құрық теңіз порттары, «Қорғас» құрғақ порты, «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы және басқалары», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр Мемлекет басшысының Каспий маңы азық-түлік хабын құру туралы бастамасына назар аударды. Өңіраралық сауданың әлеуетін толық ашу үшін өңірдің көлік байланысын жақсарту қажет екенін атап өтті. Транскаспий халықаралық көлік маршрутын одан әрі дамыту және кедергілерді бірлесіп еңсеру қажеттігін мәлімдеді. Оның пікірінше, экология саласындағы өзара іс-қимыл да маңызды рөл атқарады, өйткені Каспий жағалауында 15 млн-нан астам адам тұрады. «Экологиялық тепе-теңдікті сақтау – мемлекеттеріміз үшін маңызды міндет. Теңіз проблемалары оның биологиялық ресурстарының сарқылуымен, шикізат өндіру және жүктерді тасымалдау салдарынан қатты ластануымен байланысты. Осыған орай, Каспий экологиялық бағдарламасының жұмысын жандандыруды қолдауға шақырамыз», – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы өңір елдерін туризм саласында бірлесіп, белсенді түрде әрекет етуге шақырды: аралас турларды іске қосу, круиз туризмін дамыту, визалық және көші-қон режимдерін ырықтандыру жөнінде шаралар қабылдау керек. Осы орайда, Қазақстан Үкіметі Каспий жағалауында туристерге қолайлы жағдай жасау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Атап айтқанда, 2025 жылға дейін 360 миллион доллардан астам сомаға 15 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

■ МИНИСТР

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді орталықсыздандыру мәселесіне қатысты жиын өткізді.

Отырысқа қатысушылар заңнамалық реттеу, өкілеттіктерді төменгі деңгейлерге қайта бөлу, функционалды талдау, жол картасының жобасын әзірлеу секілді мәселелерді талқылады. Жиынды қорытындылай келе, Е.Жамаубаев Ұлттық экономика министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, кезең-кезеңмен әкімшілік реформаның Жол картасының жобасын, сондай-ақ заңнамалық реттеу мәселелерін пысықтауды тапсырды.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ЖЕТІ ҚАҒИДА



Мемлекет басшысы ұлтты ұйыстыратын жеті қағиданы айқындады. Олар:

БІРІНШІ ҚАҒИДА:

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Біз егемендігімізді сақтай алсақ қана, ұлт болып, ел болып тұра аламыз. Тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қалады. Сондықтан Тәуелсіздік – біз үшін ең басты құндылық.

Тәуелсіздікті қорғау және нығайту – әрбір азаматқа, бәрімізге ортақ міндет! Дамыған, өркениетті ел боламыз десек, еңбекті ең басты орынға қоюымыз керек. Еңбекқорлық – өскелең ұрпақтың бойына сіңген қасиет болуға тиіс. Бұл қасиет біздің өмір салтымызға айналуы керек. Масындық ниеттен, бос сөзден арылуымыз қажет. Тәуелсіздікті нығайтуға нақты іспен үлес қосу – әр азаматтың перзенттік парызы. Еңбек адамы біздің қоғамда қашанда құрметке не болады. Себебі, еңбекқор адам өз сөзін әрдайым іспен дәлелдей алады.

ЕКІНШІ ҚАҒИДА:

ЕЛДІКТІҢ НЕГІЗІ – ЖЕРІМІЗДІҢ ТҮТАСТЫҒЫ

Бабаларымыз ұрпағына ұлан-ғайыр жерді мирас етті. Біз оның бір ұсы топырағына дейін қастерлеп, атамекенімізді қорғай білуіміз керек.

ҮШІНШІ ҚАҒИДА:

МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ – ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ауылдан Ақордаға дейінгі шешімнің бәрі осы тұрғыдан қабылдануы қажет. Бір сөзбен айтсақ, әр істе мемлекеттік ұстаным болуы керек.

Мемлекет мүддесі дегеніміз – халықтың мүддесі. Сондықтан барлық шешімдер, жобалар, заңдар мен жарғылар ел мүддесін қорғауға арналады. Туған елге жанашырлық әр азаматқа тән қасиет болуға тиіс.

ТӨРТІНШІ ҚАҒИДА:

РУХАНИ ҮНДЕСТІК – БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Төл тарихымыз, ана тіліміз бен ата дініміз – елді біріктіретін бірегей құндылықтар. Оны дау-дамайға айналдыруға болмайды. Жұртты адастырып, теріс жолға салудан сақтанған жөн.

Қазақстанда түрлі этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың мақсаты – бір, болашаққа деген көзқарасы – ортақ. Бәріміз – бір елдің азаматтарымыз. «Әралуандық арқылы – бірлікке» қағидаты ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Біз этносаралық татулықты сақтай білуіміз керек. «ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТЫ» деген ұғым жал-

пыұлттық бірегейліктің өзегі болуы қажет. Сонда біртұтас ұлт ретінде келешекке сеніммен қадам басамыз.

БЕСІНШІ ҚАҒИДА:

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП – ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ

Заң талаптары барлық салада мұлтіксіз орындалуға тиіс. Заң алдында – бәрі тең. Заң алдында бәрі бірдей жауап береді. Сонда ғана біз заңы мұлтіксіз орындалатын, тәртібі қатаң сақталатын Әділетті мемлекет құрамыз.

АЛТЫНШЫ ҚАҒИДА:

ЖАСАМПАЗДЫҚ – ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Біздің басты мақсатымыз – Отанымызды өркендету, мемлекетімізді дамыту. Озық білім мен қажырлы еңбек қана елді табысқа жеткізеді. Бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазір ғылым экономиканы жедел алға жетелейтін алып индустрияға айналды. Қазақстан жаһандық экономикадағы үрдістерге сай болуға тиіс. Бізге де осы ғылыми-технологиялық жаңашылдықты әкеліп, өндіріске қосатын жаңа әрі білікті мамандар керек. Біз оларға қажет жағдайдың барлығын жасаймыз. Себебі, адам капиталы ең құнды байлығымыз. Мұны уақыт және тәжірибе дәлелдеді. Осылайша Қазақстанның инновацияның, жаңа технологияның, тың идеялардың, ауқымды капиталдың орталығы болуға зор мүмкіндігі бар.

ЖЕТІНШІ ҚАҒИДА:

ДОСТЫҚ ПЕЙІЛ, МЕЙІРІМДІЛІК, ЖАНАШЫР-ЛЫҚ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕР

Қазаққа «Сыйлассаң – сыйлы боларсың» деген сөз бар. Ағайынның татулығы мен жанашырлығы – ел бірлігінің түп қазығы. Елдің тұтастығы қарапайым адамдардың өзара түсіністігінен басталады.

Халқымыз бәрін де ақыл-парасатпен шешкен. Бұл дәстүрді ұмытпауымыз керек. Аға буын осы игі дәстүрді насихаттауы қажет. Жалпы, ортақ жетістіктер ұлттың мерейін өсіреді. Біз бір-бірімізге қашанда тілектес болуымыз қажет. Талапты, дарынды азаматтарды қолдай білуіміз керек. Әр отандасымыздың табысына қуанып, қиындықтарды бірге еңсеруге тиіспіз. Халқымыз «Ұйымдасқан ұтады» деп бекер айтпаған. Бірлігімізді бекемдей білсек, елдігімізді сақтап қаламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСПАНА

ЕКІНШІ МҮМКІНДІК

«Алматы жастары» бағдарламасына қосымша өтінімдер қабылданады

Алматы қаласы әкімдігі «Алматы жастары» қалалық жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасына қатысу үшін өтінімдерді қосымша іріктеу туралы хабарлайды (бұдан әрі – Бағдарлама).



Бұл жолы Бағдарламаға ағымдағы жылдың (2022 жылғы 18 мамыр мен 1 маусым аралығында) негізгі конкурстық іріктеу кезеңінде өтінім берген, бірақ құжаттардың дұрыс толтырылмауына/рәсімделмеуіне/берілмеуіне бай-

ланысты өтпеген өтініш берушілер ғана қатыса алады.

Еске салсақ, бағдарлама бойынша барлығы 1000 несие қарастырылған. Негізгі конкурстық іріктеу кезінде оң мақұлданған өтініш берушілер арасынан «Отбасы банк» критерийлері бойын-

ша төлем қабілеттілігінен тек 863 қатысушы ғана өтті. Қалған 137 орынға 5225 қатысушы үміткер бола алады (тізім сайттың басты бетінде «Өтінімдері редакциялауға жіберілген қатысушылар ТІЗІМІ» бөлімінде орналастырылған).

Өз өтінімдеріңізге өзгерістерді 2022 жылдың 10–14 қазаны аралығында енгізуге және almaty-zhastary.kz сайтындағы тізімге сәйкес құжаттарды жаңартуға болады.

Телефон арқылы анықтама: +7 (727) 225-14-57 (көп арналы), (Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Жылыту маусымын дайындау және өткізу қағидаларына сәйкес қаланы жылу жүйесіне қосу сыртқы ауаның белгіленген орташа тәуліктік температурасы +8°C және одан төмен болғанда бес тәуліктің ішінде жүргізіледі.

ЖЫЛУ НЫСАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ПРЕСС-ТУР

Елімізде 2022-2023 жылдарға жылыту маусымы басталды. Кейбір өңірлерде ауа райының салқындауына байланысты әлеуметтік нысандарды мерзімінен бұрын және тұрғын үй секторын кезең-кезеңімен жылыту жүйесіне қосу жұмыстары жүргізілуде.

Ал алып шаһарда жылу беру маусымына дайындық күннің жылы, жердің қара кезінде-ақ басталып кетеді. Өйткені, ескірген құбыр, тозығы жеткен құрылғыларды ауыстырар тиімді кезең де осы кез. Сондықтан сала мамандары қыс мезгілінде үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін іске ерте кірісіп, күн салқындай бастағанда дайындықты тағы бір тексеруден өткізеді. Биыл да бұл үрдіс жалғасын тауып, шаһардағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары пысықталды.

Кеше Алматыны жылумен қамтамасыз ететін энергетикалық нысандарда «Самұрық-Энерго» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өкілдерінің қатысуымен БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз-туры өтті. «Самұрық-Энерго» АҚ ұйымдастырған іс-шара барысында компания өкілдері холдингінің Алматы және Екібастұз энергия кешендеріндегі энергетикалық объектілерді аралап, ГРЭС, ЖЭО және



басқа да станциялардағы жөндеу науқанының барысымен танысты.

Алдымен Б.Оразбаев атындағы Алматы «ЖЭО-1» (Сейфулин даңғылы, 433) кешеніне барған мамандар энергия өндіруші кәсіпорындардың 2022-2023 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа толық дайындығына көз жеткізді.

– Бүгінгі ұйымдастырылған пресс-турдың мақсаты – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның алдағы жылу маусымына дайындығы жөнінде қоғамды ақпараттандыру және оны тарату, яғни қандай жұмыстар атқарылғанын баяндау болатын. Өздеріңізге белгілі, «Самұрық-Энерго» АҚ Алматы энергия кешенінің кәсіпорындары электр және жылу энергиясын үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ – акциялары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға 100% тиесілі Қазақстандағы ірі электр энергетикалық хол-

динг. Қызметінің негізгі бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын жеткізу, тарату және сату; энергетикалық көмір өндірумен айналысады. Құрамына «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ секілді энергетикалық және көмір кәсіпорындары кіретін холдинг бүгінде барлық нысандардағы жоспарлы жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтады. Олар күзгі-қысқы жылыту маусымына белгіленген тәртіппен Дайындық паспорттарын алып жатыр, – дейді «Самұрық-Энерго» АҚ «Генерация және Отын» департаментінің директоры Бағлан Исенов.

КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Алматы қаласы мен

Алматы облысының өңірін электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ететін еншілес компаниясы. «АлЭС» АҚ Өндіріс жөніндегі басқарушы директоры – бас инженері Ғазиз Есмұхамбетовтің айтуынша, «Алматы электр станциялары» АҚ – Алматы және Алматы облыстарында жылу және электр энергиясын өндіреді. Оның құрамында 8 өндірістік бөлімше бар, оның ішінде ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3, Қапшағай СЭС, Каскад СЭС, Батыс жылу кешені, ОКТО, ӨЖК бар. Электр станциясының ағымдағы жүктемесі 457 МВт (жоспар 451 МВт) құрайды. Кешен жылу маусымына «АлЭС» АҚ толығымен дайын. Барлық құрал-жабдықтарды жөндеуден өткіздік. Қызметкерлердің барлығы ережелерге сәйкес қайтадан оқу-жаттығу курстарынан өтті. Бүгінгі таңда «АлЭС» АҚ КҚД-ға дайындық паспортын алды. Станцияларда қажетті көмір қоры жеткілікті. Жалпы, норматив бойынша – 225 мың тонна болуы керек болса, бізде 260 тоннадан аса қор бар. Мазут қорлары да талапқа сай. Бүгінде подстанция 215 мыңнан астам тұтынушыны жылумен қамтамасыз етеді.

18 ПОДСТАНЦИЯНЫ АЙЫРБАСТАДЫ

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларын электр энергиясымен қамтамасыз ететін еншілес компаниясы болып табылады. Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы – 29 531 шақырымды құрайды.

2022 жылы «АЖК» АҚ-да негізгі және қосалқы жабдықтар мен электр желілеріне жөндеу жүргізу үшін ҚҚС-ны есептемегенде 3 086 568 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделген. Бүгінде компанияда негізгі жабдықтарды жөндеудің бекітілген кестесіне сәйкес жоспарланған жөндеу жұмыстары толық көлемде орындалды. «АЖК» 18 подстанцияны жаңартып үлгерген.

ӘЛЕУМЕТ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР өздерін толғандырған сауалдарды әкімге тікелей қоя алады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесулері барысында көптеген өтініш-ұсынысқа байланысты аудан әкімдеріне қаладағы көпбалалы аналарды тұрақты да жүйелі түрде қабылдап тұруды міндеттеген болатын.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Шаһар басшысының өткен қыркүйек айына бекіткен кестесіне сәйкес аудан әкімдері 8 кездесу өткізді. Кездесулерге барлығы 117 көпбалалы ана келіп, олардың тарапынан 110 сауал қойылған. Сұрақтардың 65-іне түсініктемелер беріліп, кездесулерден соң 16 сауал пысықталды, ал 29-ы бойынша зерделеу жұмыстары жүруде.

Көпбалалы аналар тарапынан көтерілген негізгі мәселелерді атап өтер болсақ, тұрғын үй (кезекке қою) – 28 (25%); білім (балаларды мектепке және балабақшаға орналастыру, мектеп формасы, «Art. sport» бағдарламасына қатысу) – 24 (22%); әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түліктей көмек алу) – 15 (14%); ТКШ және абаттандыру (газ қосу, сумен жабдықтау және су беру) – 6 (5%); жұмысқа орналастыру және бизнеске арналған гранттар – 6 (5%); жер учаскесін заңдастыру және анықтау – 2 (2%); есепке тіркеу – 1 (1%); алимент өндіру – 2 (2%) және басқа да мәселелер 26 (24%) бар.

Қала әкімі енді қазан айының

кестесін бекітті. Көпбалалы аналардың толғандырып жүрген мәселелерін өзі тұратын ауданның әкіміне тікелей жеткізуіне мүмкіндігі бар.

АЛАТАУ АУДАНЫ – 14 қазан, сағат 10.00. Өтетін орны: «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығы («Нұркент» ы/а, 5, 26-блок).

АЛМАЛЫ АУДАНЫ – 19 қазан, сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Наурызбай батыр, 106 А).

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ – 28 қазан, сағат 10.00. Әуезов ауданы әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23).

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ – 26 қазан, сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Розыбакиев, 250).

ЖЕТИСУ АУДАНЫ – 12 қазан, сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Жансүгіров көшесі, 65).

МЕДЕУ АУДАНЫ – 27 қазан, сағат 10.00. №53 мектеп-гимназия (Глубокий көшесі, 18).

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ – 18 қазан, сағат 10.00. Наурызбай ауданы әкімінің аппараты («Шұғыла» ы/а, 347).

ТҮРКСІБ АУДАНЫ – 20 қазан, сағат 10.00. «Бақытты отбасы» орталығы (Р.Зорге көшесі, 9).

МЕМОРАНДУМ

БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАҚЫЛАУДА Сауда үстемесін төмендету туралы 40 меморандумға қол қойылды

Жергілікті атқарушы органдар ірі сауда желілерімен сауда үстемесін 10%-ға дейін төмендету туралы меморандумдар жасамақ. Бұл туралы Сауда комитетінің баспасөз қызметі хабарлады.

Естеріңізде болса, Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру аясында селекторлық кеңес өткізіп, онда әлеуметтік маңызы бар өнімдерге 10%-дан аспайтын сауда үстемесін сақтау туралы меморандумдар жасау қажеттілігі туралы мәселе қаралған болатын.

Қазірдің өзінде Шымкент, Алматы қалаларында, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан,

Батыс Қазақстан, Абай облыстарында «Магnum», «Смол», «Анвар», «Астықжан» және т.б. ірі сауда желілерімен 40 меморандум жасалған. Бұл шара Қазақстанның ірі сауда желілерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын төмендетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Сауда комитеті негізгі азық-түлік тауарлары бағасының өсу динамикасының деректерін талдаудың дұрыстығын арттыру үшін қоғамдық бақылауды енгізгенін атап өткен жөн: тұрғындардың ӘМАТ тізбесіне кіретін



өнімдерге жоғары бағаға өтініштерін қабылдау үшін call-орталық құрылды. Шағымдар Facebook, Suda_komiteti және sauda_inform Instagram әлеуметтік желілеріндегі СИМ аккаунттары арқылы да қабылданады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СЕМИНАР

МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯ – БАСТЫ ҚАҒИДА

Алматыда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-ның ұйымдастырумен «Ruh camp» көшпелі оқыту семинары өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш семинар жұмысына Алматы қаласы, Алматы, Жамбыл облыстарының идеология саласына жауапты жергілікті атқарушы орган өкілдерінен құралған 30-дан аса қызметкер қатысты. Бұл күндері семинарға қатысушыларға таңымал коуч жаттықтырушылар, республикалық сарапшылар қауымдастығының өкілдері, институт қызметкерлері дәріс оқыды.

Оқыту семинары қызметкерлердің коммуникативтік қасиеттері, аналитикалық дағдылары мен сыни ойлау қабілеттерінің дамуына, ауқымды деректермен жұмыс істеудің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруге, ЖАО қызметкерлерінің біліктілігінің артуына және БАҚ саласында сапалы ақпараттық-имидждік сүйемелдеуді қамтама-

сыз етуге мүмкіндік берді. Оқыту семинарын «Data Insight» тәуелсіз агенттігінің және Dataisight Academy онлайн мектебінің директоры, әлеуметтік, бизнес және ғылыми зерттеулер жүргізудегі 12 жылдық тәжірибесі бар, 50-ден аса аймақтық, республикалық және халықаралық ауқымдағы жобалардың авторы, әлеуметтік психология және зерттеу әдіснамасы бойынша жаттықтырушы Ілияс Тілеубергенов жүргізді.

Өз сөзінде дәріскер Ілияс Тілеубергенов «Мемлекеттің идеологиялық жұмыстары: аймақтарда іске асыру жолдары» тақырыбында сөз алып, идеологияның маңыздылығы, идеологияның әсері, идеологиялық жұмыстарды қаражатысыз өткізу, идеологиялық жұмыстың тиімділігін бағалау мен мониторинг жасаудың тәсілдеріне тоқталса, сарапшы Риззат Елюбаев «Идеологиялық қызметті тиімді

іске асырудың әдіс-тәсілдері» тұрғысында әңгіме өрбітті.

– Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет аясында, бұл салада жұмыс атқаратын азаматтардың ақпараттық ілгерілетудің әдіс-тәсілдері мен БАҚ және әлеуметтік желі арқылы позитивті имидж қалыптастыру жолдарын мемлекеттің саяси-стратегиялық бағыттарымен үлестірумен қатар, бұл технологияларды жетік игеріп, қызметте қолдануы аса маңызға ие. Өйткені, ақпараттық соғыстар дәуірінде біз өз тарихымызда бірдеңі ойының құрбаны болмауымыз керек, – деді Риззат Елюбаев.

Сонымен қатар, Жақсыбек Жиеналиев «Қызметкерлердің көшбасшылық қасиеттерін дамытуда жобалық менеджменттің заманауи тәсілдерін қолдану», Рүстем Қанапиянов «Жобаларды іске асырудағы үздік шетелдік тәжірибелер» атты дәрістер жүргізді. Семинарға қатысушыларға сертификаттар табысталды.

«Ruh camp» көшпелі оқыту семинарлары осыған дейін Көкшетау, Шымкент қалаларында өтсе, енді Астана қаласында жалғасатын болады.



ӘКІМ

ЖЕТІНШІ АУДАНДА

Қала әкімі Алатау ауданының



(Басы 1-бетте)

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ
АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Ауданда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту өзекті мәселе болып қала береді. Ағымдағы жылдың тамыз айында «Ақбұлақ» шағынауданында ұзындығы 29 шақырым орталық желілер іске қосылды. Бұл 1,5 мың жеке үйді ауызсумен және кәрізбен қамтуға мүмкіндік берді. Жыл соңына дейін «Өжет», «Самғау», «Шапағат» шағынаудандарындағы желілер аяқталады. 2023 жылдың сәуір айында «Те-

ректі», «Болашақ», «Түркістан» және «Рахат», «Мәдениет» ықшамаудандарында 239 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы басталады, аяқталу мерзімі – 2024 жылдың желтоқсан айы. Нәтижесінде коммуналдық инфрақұрылымға 5 мыңнан астам үйлер қосылады.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, аудандағы жолдардың пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін жалпы ұзындығы 42 шақырым болатын 53 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде Рысқұлов, Райымбек даңғылдары, Жаңа Саин, Өтемісұлы көшелері, сондай-ақ «Дархан», «Саялы», «Ұлжан», «Өжет»,

«Көкқайнар» ықшамаудандары бойынша жұмыстар аяқталды. Жыл соңына дейін «Алғабас» және «Ақбұлақ» шағынаудандарындағы жолдарға орташа жөндеу жұмыстары аяқталады.

МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ

Ауданда жауын-шашын кезінде су басу мәселесі алдыңға қатарда тұр. Осы мәселені шешу үшін ағымдағы жылы тұрақты су басудың 7 учаскесінде арықтарды салу және реконструкциялау бойынша жобалар аяқталды. 3 коллектор қалпына келтіріліп, ұзындығы 955 метр арық желісі салынды. Жыл соңына дейін тағы 11 су басу учаскесінде жұмыстар аяқталады.

Ағымдағы жылдың көктемінде автобус паркін жаңарту мәселесі бойынша әкімдік 450 жаңа автобус сатып алды, оның 92-сі Алатау ауданына берілді. Осылайша ауданның автобус паркі толығымен жаңартылды.

Оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу үшін 1 қыркүйекте 4800 орынды 3 жаңа мектеп ашылды. Бұл Алматы қаласындағы жалғыз үш ауысымды мектеп мәселесін түпкілікті шешуге мүмкіндік берді. 3000 орынды тағы 2 мектеп жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, «Саялы-2», «Зерделі» және «Самғау» шағынаудандарында 2600 орынды 3 жаңа мектеп салу жұмыстары жүргізілуде.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тапшылықты қысқарту мақсатында ағымдағы жылдың тамыз айында «Саялы» ықшамауданында 160 орынды балабақша құрылысы басталды. Құрылысты аяқтау 2023 жылдың наурызына жоспарланған.

СПОРТТЫҚ АЛАҢДАРДЫҢ
САНЫ АРТАДЫ

Алатау ауданының тұрғындары үшін спорттық нысандармен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Ағымдағы жылдың наурыз айында жеке инвестордың қаража-

ты есебінен үстел теннисі орталығы ашылды, оған қазір күн сайын 50 бала келеді. «Зерделі» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, ал «Нұркент» ықшамауданында теннис кортының құрылыстары қосымша жүргізілуде. Бұл спорт кешендері 2023 жылдың желтоқсанында ашылатын болады.

2023 жылғы маусымға дейін «Саялы», «Қарасу» ықшамаудандарында медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін күніне 200 адам келетін екі дәрігерлік амбулатория салынады.

Сонымен қатар, қала әкімі Ерболат Досаев «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы хабардар етті. Биыл ауданда 24 жоба аяқталды. Бұл 12 футбол, 7 баскетбол, 6 волейбол алаңы, балалар алаңы және workout алаңдары. Бүгінгі таңда 18 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде (6 сквер және 12 балалар және workout алаңдары).

Алматы әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді.

АУДАНДА 92 ЖАҢА
АВТОБУС БАР

Аудан тұрғындары кездесуде қоғамдық көлік жұмысының сапасына қатысты көп шағым айтты. Қала әкімі Ерболат Досаев бұл автобус паркінің жетіспеушілігімен байланысты туындаған мәселе болғанын атап өтті.

Жаңа автобустардың арқасында 12 маршрут желісінің мәселелері шешілді. Тұрғындардың өтініш-тілектерін ескере отырып, «Теплоэнергетик» саяжай массивіне №142, «Теректі» шағынауданына №53, «Қарасу» шағынауданына «Адем» сауда үйіне дейін №35, «Мәдениет» тұрғын үй кешенінен бастап «Өжет» шағынауданына дейін №24 жаңа маршрут ашылды.

«Қарасу» мен «Самғау» шағынауда-

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалыптасқан дәстүр бойынша Алатау ауданы тұрғындарымен үшінші кездесуін баяндамадан бастап, алғашқы екі кездесуден кейін істелген жұмыстар туралы халық алдында есеп берді. Шаһар басшысының баяндамасынан кейін аудан тұрғындары кезекке тұрып, қала әкіміне өтініш-шағымдарын айтты.

Алғашқылардың бірі болып сұрақ қойған Алатау ауданының тұрғыны жер құжатының мәселесін көтерді.

– Бізде 2019 жылы ЕТЖЖ (Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы) болған, сол кезде үй-көшенің бәрі әп-әдемі еді. Кеше геодезист келіп, 2022 жылғы жер құжаты бойынша сурет салған, үйлердің 60 пайызы сүріледі екен. Сізден сұрайтынымыз 2019 жылға ЕТЖЖ қалдырса, сұрақтың бәрі шешіледі. Екінші сұрағым, СЖТ (сәулет-жоспарлау тапсырмасы) неге берілмей жатыр?

Қала әкімі бұл сұрақтардың қарастырылып жатқанын хабарлады.

– Мен тапсырма бердім, қазір мәселені шешу жолдарын қарастырып жатырмыз. Бірақ геодезист сіздерге келіп, 60 пайыз үйлер кетеді деген жоқ шығар. Әр адам өзінің жұмысын істесін. Басынан білесіздер, Азамат Бескемпірұлы бірінші болып осы мәселені көтерді. Әкімшілікте кездесу өткізіп, ЕТЖЖ-ні көрсетіп, картасын қарадық. Бұл

ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖОҚ

Бірақ әрбір іс өз кезегін күтеді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

сіздің ғана сұрағыңыз емес. Бұл маған Қарасай ауданынан келген сұрақтар. Жаңа жерлердің 2014 жылдан бастап қалаға қосылғанына 8 жыл өтті. Қала да өзгерді, бәрі өзгеріп жатыр. Енді салынған үйлерді мүмкіншілік бойынша қалдырамыз. Бірақ бәрін қалдырамыз деп уәде бермеймін. Жаңа жоба керек. Таңертең тұрып, «Мәдениеттегі» үйлерді бұзайын деген менің қалауым емес. Қолымыздан келгенше жұмыс істейміз. Одан қашып жатқан біз жоқпыз. Ал екінші сұрағыңыз бойынша, СЖТ беру мүмкіншілігі бізде. Бірақ мына жұмыстар

біткенше СЖТ бермейміз. Ертең сіздерге келіп үйлеріңізді бұзамыз десе, дұрыс бола ма? Үй салғаннан кейін «әкім мырза, бұзбаңыздар» деп қайта айтасыздар ғой. Біз жобаны көрсетейік, сосын шешім қабылдаймыз. Уәде берем, бәрі дайын болғанда өзім барып көрсетем. Бірақ алдын ала ескертемін, қалаға не керек болса, мен соны қолдаймын, – деді шаһар басшысы.

«Қарасу» ықшамауданы жыл соңына дейін орталық суға толық қосылады. Бұл туралы сұрақ-жауап кезінде қала басшысы айтты.

– Мен «Қарасу» ықшамауданынан келіп тұрмын. Су және кәріз құбырларын біздің Шаяхметов көшесінің басында салғалы жатыр. Жерді қазып тастаған, былтыр көктемде сол суға бір бала түсіп, қайтыс болып кетті. Тура үйдің түбінен дәл сондай құрылыс жасай ма? Ертең бар аймақ сасып кетеді ғой. Содан кейін «Алматы Суға» қосылыңыздар деп, осыдан 4-5 жыл бұрын кәріз жүргізіп, жол жасап, биыл енді бәріне қосылдық. Енді бізде су болмай жатыр, таңертең 8.00-де өшкен су, кешкі 20.00-де бірақ қосылады. Өзіміздің жақсы келіп тұрған суымызды құртты. Осы мәселені шешіп берсеңіздер, – деп өтінді тұрғын.

– «Қарасу» ықшамауданына су екі жерден келіп жатыр: жекеменшік «Қарасу» бар және қалалық «Алматы Су». Мен сіздерге келесі апта арнайы комиссия жіберейін. Қай үйлерге қайдан және қалай су келіп жатқанын тексерейік. «Алматы Суға» толық қосылу жұмыстарын жыл соңына дейін бітіреміз. Бірақ бір оператордан екіншісіне өту оңай жұмыс емес. Сондай-ақ, аудан әкіміне тапсырма беремін, ендігі жетіде сіздерге барады, – деп жауап берді Ерболат Асқарбекұлы.

Алатау ауданының тұрғыны проблемалы аймақта бейнекамера орнатуды өтінді.

– «Томирис» ықшамауданы тұрғындары атынан өтінішіміз бар. Үлкен Алматы каналы бойы мен Центральный көшелерінің қиылысында апатты жағдай жиі орын алатын бұрылыс бар. Центральнымен келе жатқанда сол жакқа бұрылуға болмайды. Ал сол бұрылыстан жаяу



ЖАҢАЛЫҚ КӨП

тұрғындарымен кездесті



нында 2 маршрут ұзартылып, жылжымалы құрам саны көбейтілді. Бұл маршруттар интервалын сақтауға мүмкіндік берді.

«Шаңырақ-1», «Дархан», «Алғабас», «Теректі», «Ұлжан» шағынаудандарында №103, №69, №115, №132 маршрут желілерінің 52 автобусы жаңартылды.

«Рахат» – «Мәдениет» шағынауданы №24 және «Саялы» шағынауданы №125 автобус маршруттарының қозғалыс интервалы қалпына келді.

Жыл басында ауданда 90 аялдама жетіспеген, оның 30-ы орнатылды. Желтоқсанға дейін тағы 20 аялдама пайда болады. Қалғандары 2023 жылы қолға алынады. Жалпы, аудан бойынша

аялдамалардың жетіспеушілігі мәселесі келесі жылдың соңына дейін толығымен шешіледі.

ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛМАҒАН ҮЙЛЕР БҰЗЫЛАДЫ

Алатау ауданына қарасты «Зерделі» шағынауданында қисайып кеткен 7 көпқабатты үйді қайта қалпына келтіру жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ, салынып бітпеген 2 көпқабатты үй бұзылады.

«Зерделі» шағынауданында проблемалы 32 үй болған. Бүгінгі күнге іргетасы нығайтылмаған 7 көпқабатты үй қалған еді. Олар

жыл соңына дейін қайта қалпына келтіріледі», – деді Ерболат Досаев Алатау ауданы тұрғындарымен кездесу барысында.

Шаһар басшысының айтуынша, нығайту жұмыстары «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институтының» жобалық шешімдеріне сәйкес қатаң түрде жүріп жатыр.

«Сонымен қатар, осы аудандағы құрылысы аяқталмаған 2 көпқабатты үйді бұзу туралы «ҚазҚСҒЗИ» АҚ қорытындысы бар. Мердігермен шартқа қол қойылды, жыл соңына дейін бұл үйлер бұзылады. Осы жерде тұрғындар талқылауынан кейін сквер салынады деп ойлаймыз», – деді шаһар басшысы.

жүргіншілер жүріп, жол ережесін бұзғанда, ол жерде кептеліс болады. Осы жерге «Сергек» бейнекамерасы керек, – деді «Томирис» ықшамауданының тұрғыны.

Қойылған сұраққа аудан әкімі жауап берді.

– Біз бұл мәселені білеміз. Біз жыл соңына дейін 327 «Сергек» камерасын қояды көздеп отырмыз, – деді Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков.

Келесі кезектегі тұрғын да «Томирис» ықшамауданының мәселесін көтерді.

– Мен «Томирис» ықшамауданының тұрғынымын. Бізге балалар ойнайтын алаң керек еді.

– Біз «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында өздеріңіз дауыс берген 42 жобаны жүзеге асырып жатырмыз. Оның 24-і толық аяқталды, ал қалған 18-і қазір жүзеге асырылып жатыр. Қараша айының соңына дейін жасап береміз, – деді аудан әкімі.

Сұрақ қойған келесі тұрғын «Алматы жастары» бағдарламасына өзгеріс енгізуді сұрады.

– Мен Алматы жастарының атынан келіп тұрмын. Біз 2020 жылы «Алматы жастары» бағдарламасымен 29 жасқа дейін 5 жылға үй алғанбыз. 5 жылдан кейін ол үйді босатуымыз керек. Енді бұл үйлерді өзімізге қалдыруға рұқсат берсеңіз. Өйткені, 2020 жылы көшіп келгеннен кейін карантин басталып кетті, ақша жинауға мүмкіндік болмады. 10 мыңдай отбасы осы «Алматы жастарымен» үй алдық. Сондықтан сол үйлерді болашақта қалдыруға көмек берсеңіз.

Айтылған сауалға Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев жауап берді.

– Бұл кісілер біліп отыр. Шартқа отырғанда өздері 5 жылға қол қойған. Уақыт өткеннен кейін ақша жинап пәтерлерін алу керек. Осындай өтініштерге байланысты

бұл кісілерге бірнеше рет жолығып, түсіндірдік. Депутаттармен де бардық. Біз енді заң жүзінде сіздерді ары қарай тұрғыза алмаймыз, – деді ол.

– Заңға өзгеріс керек. Ондай мүмкіншілік ашылу керек. Үй алған жалғыз сіздер емес. Заң өзгермесе, бізде ондай мүмкіншілік жоқ. Сіздерді басқа бағдарламаға көшіру жөнін қарастырып көрейік. Бірақ қазір сіздерге рұқсат берсек, 2019 жылы үй алғандар да маған осындай өтінішпен келеді. Ол кезде бәрін қалдыру керек болады. Жылына 1 мың пәтер беріп жатырмыз. Қол қойғанда бәрін білдіздер ғой. Даниярға тапсырма беремін, мүмкіншілік болса, көмектесу жолдарын қарап көреді, – деп толықтырды қала басшысы.

Сұрақ-жауап сессиясында өз кезегімен сұрақ қойған тұрғын қиын жағдайға тап болған жалғызбасты анаға көмек беруді өтінді.

– Бұл кісі 2-топтағы мүгедек, бір аяғы жоқ. Қазір «Саялы» ықшамауданында тұрады. Жалғызбасты ана. Қазір 2-қабатта пәтер жалдап тұрады. Ол жерден мініп-түсу қиын. Әкіметтен бұл кісіге өткен кездесуден кейін субсидия бөлінген. Бірақ оны ала алмай жатыр. Өйткені, пәтер иелері бұл кісімен шартқа отырғылары келмейді. Шеттетіп шығарып жатыр. «Зерделі» ықшамауданынан лифті бар ыңғайлы үй табылған. Бірақ пәтер иелері келіспей қойды, – деді сұрақ қоюшы.

– Аудан әкіміне тапсырма беремін, 1 апта ішінде бұл мәселені шешіндер. Шартқа қою үшін сөйлесіндер. Субсидияны қағазсыз бере алмаймыз. Сондықтан пәтер иелерімен аудан әкімшілігі сөйлеседі, – деді Е.Досаев.

Келесі сұрақ кезінде «Дарабаз» және «Алматы» ықшамаудандарындағы өзекті мәселелер айтылды.

– Мен «Дарабаз» бен «Алматы» ықшамаудандары тұрғындары атынан келіп тұрмын. Бізде мемлекеттік балабақша жоқ, мемлекеттік мектеп жоқ, мемлекеттік аурухана жоқ. «Дарабазда» 41 үй бар. Әрқайсысы 96 пәтерден. «Алматыда»

39 үй бар. Халық өте көп. Сондықтан халық жағдайымен келіп тұрмын.

Сұраққа алдымен аудан әкімі Азамат Қалдыбеков жауап берді.

– Біз «Дарабаз» ықшамауданында үлкен мектеп салуға өтініш бердік. Қазір жер анықтау мәселесін қарастырып жатырмыз. Мектеп 1500 орынды. Бірақ биыл «Зерделіде» 550 орынды мектептің құрылысы басталады. Бұл «13» ықшамауданы мен «Дарабаздың» мәселесін ішінара шешеді. Мемлекеттік балабақша бойынша «Эксклюзив» компаниясының өзіндік міндеттемелері бар. Олар қазір 350 орынды балабақша салу үшін жоба дайындап жатыр, – деді Алатау ауданының әкімі.

– Балабақша бойынша естідіңіз, енді кішкене күте тұрыңыз. Құжаттарға қол қоюымыз керек. Үлкен мектеп салу бойынша жоспарымыз бар, бірақ оған 2,5 гектар жер керек. Сондай-ақ, «Зерделі» ықшамауданында үлкен аурухана саламыз. Ендігі жылы қағаздарын дайындап, 2024 жылы құрылысын бастаймыз, – деді шаһар басшысы.

P.S. Қала ішінде жоғары қарқынмен дамып келе жатқан Алатау ауданы тұрғындарымен қала әкімі Ерболат Досаевтың үшінші кездесуінде көптеген мәселелер көтеріліп, әр сауалға нақты жауап берілді. Аудан аймағындағы қауіпсіздік, әлеуметтік, құжаттамалық және өзге де сұрақтардың шешімі айтылды. Сондай-ақ, қалған сауалдар бойынша басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу жоспарланған.

Әзірлегендер Айжан БҰРКІТБАЕВА,
Досбол АТАЖАН.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



«Ақбұлақ» шағынауданында 1,5 мың жеке үйді ауызумен және кәрізбен қамтуға мүмкіндік беретін ұзындығы 29 шақырым орталық желілер іске қосылды.



Аудан аумағында 1 қыркүйектен бастап 4800 орынды 3 жаңа мектеп ашылды.



2023 жылғы маусымға дейін «Саялы», «Қарасу» ықшамаудандарында 200 орынды екі дәрігерлік амбулатория салынады.



15 қазаннан бастап Алатау ауданында 327 КАМЕРА орнатылады.



«Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында биыл ауданда 24 ЖОБА аяқталды.



САЙЛАУ – 2022

**20 қараша
2022**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
САЙЛАУЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

**ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТҚА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

- КАНДИДАТ ТУМЫСЫНАН
ҚР АЗАМАТЫ БОЛУЫ ТИІС
- 40 ЖАСҚА ТОЛҒАН **40+**
- МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ЕРКІН МЕҢГЕРГЕН
- СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ БОЙЫ
ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН
- ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ
- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ
КЕМІНДЕ 5 ЖЫЛ ЖҰМЫС
ТӘЖІРИБЕСІ БАР
- БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА
ИЕ АЗАМАТ БОЛУЫ ТИІС

Әділғазы ҚАЙЫРБЕКОВ,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Кезектен тыс Президент сайлауына барша қазақстандықтар өте жауапты қарауы керек деп ойлаймын. Өйткені, Мемлекет басшысын сайлау, сол орайда бұл орынға лайықты адамды, белгілі бір мерзімге сайлау үлкен де маңызды іс. Өз басым, бұған немқұрайлы қарауға болмайды деп ойлаймын.

Қазіргі дүрбелең дүниенің жағдайында бізде ойландыратын мәселелердің өте көп екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр емес пе? Сондықтан бізге үлкен ұйымшылдық керек. Осыларды ескере келіп, алдағы сайлауға барып, дауыс беріп, өз таңдауымызды жасаймыз.

Нұрбақыт БӨКЕБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет
театрының директоры:

АУЫЗБІРШІЛІК КЕРЕК

Елімізде ауызбіршілік пен ынтымақтастықты қалыптастыру – кез келген қазақстандық азаматтың парызы деп ойлаймын.

Әрбір азамат терең ойланып, алдағы өтетін сайлауға бір кісідей атсалысуы керек. Елдің амандығын, балалардың болашағын ойлайтын,

осындай үлкен тұрғыда келелі әңгіме айтатын, дуалы ауыздан шыққан тілектерді тыңдайтын жамағат керек. Ауызбіршілік пен ынтымақты жасау кез келген адамның қолынан келетін дүние.

Сондықтан біз оны міндетті түрде ұстануымыз керек деп ойлаймын.



Жанар АЙЖАНОВА,
әнші:

ТҰРАҚТЫЛЫҚ СИМВОЛЫ



Біздің елге тұрақтылық керек. Тұрақтылық болса, ешкімнің бәркі қисаймайды, ешкім таяқ жемейді, болашағымыз да жарқын болады.

Яғни «қайғысыз ішкен қара су» дейді. Сондықтан дәл қазіргі

жағдайда Президенттің кезектен тыс сайлауы ол біздің тұрақтылығымыздың символы, кепілдігі ретінде деп мен қабылдаймын және солай қабылдауға тиіспіз. Өйткені, қазіргі заманда біздің елімізді былай алып қарағанда,

жан-жаққа көз салыңыздаршы, барлық жақта тұрақсыздық белең алып жатыр. Осындай кезде дұрыс шешім қабылдап, қырық жылға алға қарап, жастарымыздың болашағын ойлауымыз керек.

ЖОЛДАУ – 2022

Сапарбай ЖҰБАЕВ,
қаржы сарапшысы:

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР
ҚОЛДАУҒА ЛАЙЫҚ

Мен былай деп ойлаймын. Жолдау керек. Бұл мемлекеттік бюджет бекітіліп жатқан шақта жолданды. Демек, алдағы жылдың бағыт-бағдары, жасалатын істері айқын деген сөз. Демек, қазынадан арнайы қаржы бөлініп, жаңа жобалар жүзеге асырылмақ. Соның бір дәлелі, бала күтімімен отырған аналардың 1 жасқа дейінгі төлемі 1,5

жасқа дейін төленетін болды. Бұл да дұрыс! Ана үйде отырып, баласын жетілдіреді. Көрші Өзбекстанда 3 жасқа дейін бала күтіміне ақша бөлінеді. Әлбетте оның да өз ережелері бар. Бұрыннан бері осы нәрсені бізге де ендіру керек дегенді айтып келеміз. 2006 жылы өзіміздің Қазақ еліне Өзбекстаннан қоныс аудардық. Сол шақтарда осы мәселені көтергенбіз. Сонда маған атқа мінерлер «1 жасқа дейін төлейміз, егер мұқтаж болса 3 жасқа созамыз» деп еді. Мұнысы ақылға қонымды. Әгәрәки, онсыз да дәулеті тасып тұрса, оған қалған 2 жыл қаржы шығындаудың не қажеті бар? Сол себепті, әлгі төленетін ақшаны нақ күнкөрісі аздау жандарға бөлген жөн ғой деп түйдім.

Тағы бір айта кететін дүние, ол Ұлттық қордың хал-ахуалы төңірегінде болмақ. Яғни балаларымыз ел қазынасына түскен табыстан өз несібесін алмақ. Бұл да өз дәрежесінде іске асқалы тұр. Осының механизмне көбірек көңіл бөлсек деп едім. Дәлірек айтқанда, Ұлттық қорда шамамен 55 миллиард АҚШ доллары шамасында қаражат бар. 2014 жылдары 90 миллиард төңірегінде қаржы болған. Соңғы 2-3 жылдағы пандемия, қаржылық дағдарыс, державалардың текетіресі, т.б. жағдаяттар күрделі жолдарға әкеліп отыр. Яғни осындай келеңсіздіктерге қарамастан Қазақстан өзінің Ұлттық қордағы қаражатының 50%-ын балалардың есебіне аудармақшы. Осы тұста бір кілттипан туындайды. Бізде 162 олигарх бар. Сонда олардың да баласына беріле ме, әлде қалай болмақ?! Бірнеше күнде 2-3 мың доллар шығындайтындарға қаржы салудың қисыны жоқ деп білеміз. Міне, сол жағын айқындаған абзал.

Әлгі 162 бай-бағланның қолында түсімізге кірмейтін байлық бар. Олар әлемдік деңгейдегі ауқаттылар санатына жатады. Аса бай-манаптар әр балаға 18 жасқа дейін құралатын 6 мың долларға қарап қалған жоқ. Тіпті керек те емес. Жәй айталық, 40% халқымыздың тұрмысы түзу деп алайық. Егер осы топтағылардың табысы 100 мың доллардан асып жатса, онда оларға да мұның қажеті болмайды.

Дүниежүзілік банктің сараптауынша, жер жүзінде 1 бүтін 10/2 мұқтаж жаңұяның бар екені анықталды. Көрдіңіз бе?! Осыдан соң түйткілдің оты қайда маздап жатқанын бағамдай беріңіз. Міне, осындай әлеуметтік көмекке жәрдем отбасылар жетерлік. 7-8 баласын қолына алып, үлкен мегаполистерде үйсіз-күйсіз қаншама отбасы жүр. Ата-анасының тапқаны қант-шайдан артылмайды. Кедейшілік қамытын кигендерді ескермесек болмайды. Себебі, көпбалалы аналар бала-шағасының несібесі болады деп, дүниеге 10-нан аса сәби әкеліп жатқандары қаншама. Ондай жандар нағыз экономиканың драйвері. Демографиялық өсім бар жерде, бәсекелестік артады, Отанды қорғайтын оғандар туылады. Бірақ осының түйінін тарқататын жүйелі механизмді тездетіп табу керек.

Біз популистік қадамға бармайық. Сіздерге мұндай соқпақтан шығудың жолын айтайын. Жаппай бай-шоншар, қаражаты өз басынан асып тұрғандарға шығындалғанша, нағыз әлеуметтік осал топтарды анықтап, көпбалалы отбасыға, әлеуметтік аз қамтылғандарға және мүгедек жағдайда жетіліп келе жатқан жанұялардың балаларына қаржы аударып отырайық. Сонда әлгі 6 мың бірнеше жыл жиналып 60 мың долларға жетеді. Кәмелет жасына толған соң, үй алуға, оқуға түсуге, денсаулығын емдеу сынды түрлі нәрсеге жұмсайтын болады. Осыны реттеп, қадағалайық. Мәселен, 2023 жылдан 18 жыл есептесек, 2041 жыл болады. Сонда оған дейін жиналған қаржы құнсызданып кетпей ме, сол жағын да әзірден қарастырған абзал. Ал бірақ көтерілген бастама дұрыс. Ең бастысы, «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» осындай сындарлы шақтан аман-есен өтіп кеткеніміз жөн.



ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

ЖОЛДАУ–2022:

Бізге ел бірлігі ауадай қажет... Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті.

ТАТУЛЫҚТАН АСҚАН ҚҰНДЫЛЫҚ ЖОҚ

Қазақстанда тыныштық пен бейбітшілікті сақтау – әрбір азаматтың парызы. Ұлттық бірлік, қоғамдағы келісім Қазақстан халқына экономикалық, әлеуметтік өрлеу, демократиялық мемлекетті құру жолында жаңа белеске көтерілуге мүмкіндік береді.



Қазір бүкіл дүние жүзі толқып тұр. Жан-жақта соғыс басталып, әлем оқ пен оттың ортасында қалатын түрі бар. Ендігі жаһандық дағдарыстың қаупі бүкіл елге оңай соқпасы анық. Тіпті қазір дамыған елдердің өзінде экономикалық қиыншылықтар туындап, қарыздары өсіп, әлеуметтік шығыстарын азайтуда. Сондықтан бізге дәл қазіргі жағдайда ішкі тұрақтылық пен татулық, өзара түсіністік өте маңызды. Біз барлық сынақты тек халықтың бірлігі арқылы ғана жеңе аламыз.

Бірлік – баға жетпес басты байлығымыз. Осы ұғым біздің мемлекетіміздің мызғымас тұтастығына тірек болады. Бірліктің берекелі бесігіне айналған Қазақстан жасай берсін десек, түрлі ұлттарды ұйыстырып, ұлысты ұғыстыра білген еліміз өркендей берсін десек, тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз татулық болуы керек.

Өйтпесе, қазір этникалық, нәсілдік бөлініске ұшырап, тілдік, діни белгілер бойынша ашық қарсылыққа келіп, жанжалдасып жатқан мемлекеттерді әлемнің әр аймақтарынан көптеп кездестіруге болады. Осыған байланысты Қазақстан тұрақтылығы үшін зорлық-зомбылыққа, этносаралық және конфессияаралық арандатушылыққа, лаңкестікке жол бермеу маңызды фактор болып табылады.

Қазақстандықтардың абсолютті басым бөлігінің этносаралық, мәдениетаралық тұрақтылықты, келісім мен интеграцияны қолдайтынына қарамастан, оған іріткі салғысы келетіндер, деструктивті элементтер де әркез көрініс беріп тұратыны белгілі жағдай. Бұл мәселеде, ең алдымен, Қазақстанның елдегі келісімді сақтау бағытындағы айқын ұстанымын тілге тиек ете кеткен жөн шығар. Республикамыздың суверинитеті айқындалып жатқан кезеңде-ақ, Қазақстанды моноэтникалық емес, яғни нәсіліне, этникалық тегіне, тіліне, діни көзқарасына қатысты дискриминация орын алмайтын көпұлтты мемлекет негізінде құрылымдау мәселесі лайықты ескерілген болатын.

Қазақстан Конституциясы елдегі азаматтардың ұлтына, нәсіліне қарамастан, барлығына бірдей мүмкіндіктер мен құқық беретінін айта кету қажет. Әркім өзіне тән этномәдени мүддесін қорғауда тең құқыққа ие екендігіне конституциялық жолмен кепілдік беріледі. Сонымен қатар, Қазақстанда тарихи-мәдени мұраларды қалып-

тастыруға, елімізді мекен еткен халықтардың мәдениетін сақтауға, дамытуға және жандандыруға мемлекет тарапынан айтарлықтай іс-шаралар атқарылып жатыр. Қазақстанда шығыстық және батыстық, мұсылмандық және христиандық, түркілік және славяндық және басқа да типтегі мәдениет өкілдері бар. Ал әрбір ұлттық мәдениет – адамзаттың рухани құндылықтарындағы бағалы байлық болып саналады.

Мәселен, Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі этникааралық мүдделерді тоғыстырудың жолын іздеуден туындаған құрылым. Ол азаматтық қоғам мен ұлттық саясатты өркендетті түрде жүргізудегі әлемде теңдесі жоқ инструментке айналғанын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Оның үстіне, бірқатар саяси реформалардан кейін Қазақстан халқы Ассамблеясының функционалдық қызметі кеңейіп, ел Парламентіне әсер ету механизмдері оның әкімшілік статусын арттырды. Бүгінде ҚХА 820 этномәдени бірлестіктің ықпалдастығын жүзеге асырып отыр. Елімізде әрбір этникалық топтың өз ұлттық-мәдени орталықтары бар. Олар түрлі тілдердің, мәдениеттердің, дәстүрлердің дамуына септігін тигізуде. Ал мемлекет сол орталықтардың түрлі бастамалары мен ұсыныстарына толық қолдау көрсетіп отыр. Еліміздегі этностардың арасындағы келісім – қоғамдық лидерлердің, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, оқу орындардың көпжылдық еңбегінің жемісі.

Жер бетінде ғұмыр кешіп жатқан қандай халықтың да өз ана тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, ұстанымы болады және ол сол халықтың бойында сақталуы тиіс. Егер кімде-кім әр халықтың бойындағы сол ұлттық ерекшелігін жойып, табиғи тепе-теңдікті бұзуға қасақана әрекет жасар болса, оның салдары ұлттың жоғалуына алып келеді. Тіпті жер бетінде үлкен қақтығыстар орын алып, қантөгістер болуы әбден мүмкін. Ал біздің көксегеніміз, жалпы адамзат баласының тілегі де, мақсаты да тек тыныштық. Біздің мақсат – ұлтаралық татулықты сақтап, аңсап, талып қолымызды жеткізген тәуелсіздігімізге сызат түсіріп алмау. Бүгінде Мемлекет басшысы да бұл мәселеге аса мән беріп отыр. Елімізде мекен еткен әрбір ұлтқа тиісті дәрежеде жағдай жасалуда. Олардың ана тілін жетілдіріп, салт-дәстүрлерін жаңғыртуға,

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман БЕЙСЕНОВ, қала тұрғыны:

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауына достық ниеттің тигізер үлесі орасан. Ол толеранттылық, төзімділік, өзгені құрметтеу сияқты құндылықтардан пайда болады. Бұл – БҰҰ-ның да, Қазақстан халқының да принциптері. Мен Мемлекет басшысының Ассамблеяға қатысты бастамаларын әрқашан құптаймын. Әлемде көп мемлекет этникалық топтарға бөлініп кеткен. Ұлтаралық келіспеушіліктердің салдарынан әлемдегі көптеген елдердің дамуы кенжелеп қалды. Меніңше, Қазақстан жақсы үлгі көрсетіп отыр. Қазақстан – адам құқығы және азшылықтың құқығы жөніндегі бірқатар келісімдерге қол қойған ел. Бұл – әлемнің көптеген елдері іске асыруы тиіс тамаша идеялар. Қазақстанда 130-ға жуық әртүрлі ұлттардың өкілдері бар. Мемлекет әкімшілігі осы азшылықтардың құқығын қорғау жөнінде, олардың тілі мен мәдениетін, дәстүрін қорғау ісінде түрлі шараларды белсенді ұйымдастырып жатыр. Этносаралық толеранттылықтың жақсы үлгісін көрсетіп жатқандықтан, көп мемлекет Қазақстаннан үлгі алу керек. Себебі, татулық пен тұрақтылық – береке бастауы.

Ерлан МАХАМБЕТОВ, зангер:

ЕЛ БІРЛІГІНЕ СЫЗАТ ТҮСПЕУГЕ ТИІС

Қазіргі кезде адамзат қауымдастығына адамның өзі қауіп төндіріп отыр. Ғылыми ашылуларға, тың жаңалықтарға қарамастан, адамдар бір-бірін түсіну, сыйластықта қарым-қатынас мәселесінде кежегіміз кері тартады. Махаббат, достық, қуаныш – адамның ажырамас құндылығы. Қазақстан – ұлтаралық татулық пен тұрақтылықты үйлестірген мемлекет. Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Тарихтың бізді көп ұлтты еткеніне біздің кінәміз жоқ. Біздің елге келген басқа ұлттардың да еш кінәсі жоқ. Ресейдің бодандығы кезінде бізді жаншыған деп, біз басқаларды жаншисақ, онда біздің ақылымыз қайда? Тарихтан тәлім алғанымыз қайда? Көп ұлттың басын біріктіргеніміз үшін бізді дүние жүзі сыйлайды. Ұлтаралық татулықтың жоқтығынан әлемде қанша қан төгіліп жатыр. Бізде, Аллаға шүкір, ондай жоқ. Өз бірлігімізді, көп ұлтты халықтың бірлігін, ішкі-сыртқы тыныштықты сақтайтын болсақ, әлі талай жетістіктерге жететін боламыз.



мәдениеті мен әдебиетін дамытуға қамқорлық көрсетіліп келеді. Міне, осындай салиқалы саясаттың арқасында елімізде күні бүгінге дейін қаншама ұлт пен ұлыстар өзара ынтымағы, бірлігі жарасып, тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатыр. Тек енді біз осы бағытымыздан адасып қалмауымыз керек.

Сондай-ақ, мемлекеттің бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу жөніндегі этносаясаты, этностар арасындағы төзімділік пен әріптестік механизмдері мен элементтері елдегі діни мәселеде де қолданылуы керек. Шағын орналасқан этникалық топтардың әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық, аймақтық саясаты негізгі болып табылады. Дегенмен, әлемдегі діндер мен конфессиялардың беделді басшыларының өз тәжірибелеріне сүйене отырып айтқан пікірлеріне назар аударсақ, бұл мәселеде интеллектуалды, әлеуметтік-

экономикалық саясат аздық етеді. Көп жағдайда халықтың, этникалық топтардың діни көзқарасын лайықты деңгейде ескермеу, бағаламау діннің маңызын түсіріп, бейбітшілік құндылықтарына, өзара сыйластық пен төзімділікке салдарын тигізеді.

Жалпы айтқанда, Тәуелсіз мемлекетіміз өзінің ұлттық саясатын әрі қарай да жалғастыра беруге, этносаралық қарым-қатынастар жүйесін жетілдіре беруге тиіс. Бұл – мемлекеттік органдармен қатар қоғамдық бірлестіктерге де қатысты қажеттілік. Дегенмен, біз этносаралық қатынастарды тиімді реттеудің қазақстандық моделінің негізі қаланды және ол Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін жағымды әсер беріп жатыр деп сенімді түрде айта аламыз.

МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ КЕЛБЕТІ

Не түсіріп, не қойдық?

Тәуелсіздік алғалы қазақ киностудиясында түрлі туындылар жарық көрді. Үздіктері әлемдік байқауларда топ жарса, енді бірі көрермендердің лайықты бағасына ие бола алмады. Неде болса 30 жылдың ішінде елімізде 600-ге жуық отандық фильм түсірілген. Сол фильмдердің ішіндегі 147-сі толықметражды көркем фильм екен. Ал 6-ауы телевизиялық көркем, 86-сы қысқаметражды, 287-сі деректі (оның ішінде 8-і деректі сериал), 76-сы анимациялық фильм (оның ішінде 1 анимациялық сериал, 3 толықметражды анимациялық лента) түсірілген.



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ



КИНОПРОКАТТАҒЫ ДАҒДАРЫС

Иісі қазақ баласы ес білгелі «Қыз Жібекті», «Гауһартасты», «Атаманның ақырын», «Біздің сүйікті дәрігер», «Менің атым Қожа» фильмдерін тамашалап өсті. Еліміз егемендігін алған алғашқы жылдарында «Отырардың күйреуі», «Батыр Баян», «Юные годы Абая», «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Юность Жамбыла» және т.б. туындылары жарыққа шықты. Алайда, елдегі кинопрокат жүйесінің дұрыс жолға қойылмауына байланысты қазақстандық көрермендер бұл фильмді жеткілікті деңгейде тамашалай алмады. Ал киносыншылар «Қазақфильмді» негізгі жұмысты фестивальдік киноға бағыттап жатыр деп сынады.

Мамандардың пікірінше, осы уақытқа дейін түсірілген фильмдердің қайсысы тарихи, қаншасы көркем немесе деректі фильм екені есептелмеген. Бірақ талғампаз көрермен патриоттық рухты оятып, батырлардың ерлігін бейнелеп, билердің даналығын баяндайтын тарихи кино туындылар көп емес деп отыр.

1997 жылдан кейін елде кино саласы тоқырауға ұшырады. Бұл тек қазақ кино саласында емес, жалпы Орта Азия елдерін қамтыған үдеріс еді.

«Өкінішке қарай, 1990–2000 жылдар арасында «Қазақфильм» киностудиясында жылына бір немесе әрі кетсе, 2 фильмнен шығып отырды, оның басым көпшілігі тарихи жанрда болған жоқ. Жалпы, тарихи жанрға бет алу 2000 жылдардан қайтадан басталды. Тарихи фильмдерді арнайы шетелдік көрермендерге ұнау үшін түсірудің қажеті жоқ. Өзіміздің төл көрерменіміздің көңілінен шыққан туындылар ғана өзге мемлекет өкілдеріне де қызықты болады деп есептеймін», – дейді кинотанушы Дана Әмірбекова.

ӘЛЕМ НАЗАРЫНА ІЛІКТІК

Тоқырауға ұшыраған жылдардан кейін отандық киностудиялардың көбісі мамандықтан кетуге мәжбүр болған. Мамандарды даярлау 2000 жылдан қайта қолға алынып, қазақ киносын жандандыру сол кезде басталды. 1998 жылдан көркемсуретті фильмдер өндірісі сәл де болса қарқын ала бастады, бұл жылы 5 көркем фильм жарық көреді: «Дар бог» – реж. Виктор Чугунов, «Килер» – реж. Дәріжан Әмірбаев, «Омпа» – реж. Сатыбалды Нарымбетов, «Тауқымет» – реж. Ұлжан Қолдауова, «1997» – реж. Ардак Әмірқұлов.

1999-2000 жылдар орта буын режиссерлары үшін де, «жана толқын» режиссерлары үшін де табысты жылдар болды: «Десант»,



«Қазақи оқиға», «Куклы колдуна», «Өлімнен кейінгі жаза», «Ақбілек», «Фара», «Үш ағайынды» сынды туындылар көрермендерге жол тартты.

Қазақ киносының тарихындағы осы қарастырылып отырған кезең киношы-ғармалардың жанрлық түрленуі тұрғысынан да, кейіпкердің сомдалу қырынан да, тіпті, тақырып ашу сияқты режиссерлік қолтаңба сипаты тұрғысынан да алуан түрлілігімен ерекшеленді. Қарап тұрсақ ұлттық, отандық тарихи кинокартина-лардың саны саусақпен санарлықтай ғана. Ал олардың әлемдік аренаға шығарылғаны тіпті аз. Соңғы 30 жылда «Қазақфильм» киностудиясының 200-ден астам картинасы әлемнің 60 елінде 220-дан астам халықаралық фестивальға қатысып, 300-ден астам түрлі жүлдені, оның ішінде 51 Гран-приді жеңіп алыпты.

Соңғы бірнеше жылда қазақстандық режиссерлердің картиналары Венециядағы, Канндағы, Сан-Францискодағы, Брауншвейктегі, Туриндегі, Париждегі, Мәскеудегі «А» санатындағы халықаралық беделді фестивальдарға және әлемнің басқа да көптеген қаласында көрсетіліп, жүлделерге ие болып келеді.

Солардың ішінде әлем назарын ерекше аударған фильмнің бірі – «Көшпенділер». 2006 жылы жарыққа шыққан тарихи драма да ел тәуелсіздігінің арқасында экранға ертемен жол алған ұлттық жоба болатын. Қалай десек те, аталған кинотуынды ХХІ

ғасырдағы қазақ киносының озық жетістігін әлемге паш етті.

БАЙҚАУ ЕМЕС, ӨЗІМІЗ ҮШІН КЕРЕК


Араға алты жыл салып «Қазақфильм» киностудиясының ең ірі жобасы «Жау-жүрек мың бала» картинасы көрерменге жол тартты. Фильмде жоңғар шапқыншылығы кезінде жауға қарсы шығып, ересек сарбаздармен бірге кең байтақ жері мен елін қорғауға өрелі мінезді өжет жастар бел буады.

«Қазақ елі» жобасының «Алмас қылыш», «Алтын тақ» кинодастандары Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген жарқын жобалардың алды болды. «Алмас қылыш» Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан бөлінуі мен жеке хандық құру кезеңін камтиды. Тақырыптың маңыздылығында күмән жоқ. Бірақ о бастан толық метражды фильмге арналып жазылмағандықтан, драматургиясында бүтіндік жоқ. Кинодастанның негізгі идеясы ешкімге бағынғысы келмеген, «әркімнің қолында қылыш боп ойнаған» батыр қазақтың рухын көрсету еді. Туындының өн бойында бірнеше шайқас сахнасы бар делік. Бірақ ылғи да қазақтар қоршауда қала береді.

Осы ретте айрықша атап өтетін бір кинотуынды жайлы айта кеткеніміз жөн болар. 2017 жылы жарыққа шыққан «Анаға апарар жол» жылдың ең айтулы премьерасы ретінде танылды. Бұған дейін жиырмасыншы ғасырдағы қазақ даласының күйі туралы «Аманай мен Заманай», «Жерұйық», «Жат», «Аманат», «Көшбасшы жолы» сияқты фильмдер болды, бірақ ғасыр тауқыметтерін неғұрлым толық сыйдыра білген отандық туындының бірі – «Жол». Бас кейіпкерлер – ана мен бала. Демек, ана – Отан, Атамекен, туған жер, бала – перзент, халық, қазақ. Сол арқылы бүтін бір дәуірдің портреті шығады.

Осы ретте «Қазақфильмнің» түсірген тамаша туындысы «Томирис» жайлы сөз қозғамай кеткеніміз жөн болмас. Фильм 93 күнде түсірілген. Жалпы жобаны шығару кезеңі екі жарым жылға созылды. Түсірілім алаңында бір уақытта 800 адамға жуық кісі жұмыс істеген күндер де болған. Шығармашылық топтың құрамында ең көп дегенде 400 адам болған.

Қазақ киносының ғасырлық жолын бір ғана мақалада санаулы фильмге шолу жасай отырып жүріп өтем деу бекершілік. Дегенмен, тәуелсіздік танымен бірге таласа жүріп түсірілген туындылар арқылы бір шолып өттік деген ойдамыз.





АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫНА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІМІЗДІҢ КӨРІНІСІ

«Әлихан – Алашорда үкіметін басқарған мемлекет қайраткері. Ахмет – халқымызды білім мен ғылымға жетелеп, рухани ұстаз болған әйгілі ағартушы. Міржақып – ұлт бірлігі ұранына айналған «Оян қазақ» пен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер. Үш қайраткер де – бірегей тарихи тұлғалар. Бұл ескерткіш – барша Алаш ардақтыларына деген құрметіміздің көрінісі.

«Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өр-

кендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Жеріміздің тұтастығының сақталуына ықпал етті. Төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерді. Өркениетті зиялылықтың негізін қалады. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты. Жыл өткен сайын Алаштың абыройы асқақтап, беделі биіктей береді. Олардың атқарған ісі ешқашан маңызын жоғалтпайды. Себебі, ұлт мүддесі, ел қамы деген ұғымдар – мәңгі құндылықтар».

(Мемлекет басшысының Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінен).



Алаш арыстары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы сынды ұлтымыздың ұлы тұлғаларына арналған бұл еңселі ескерткіш өткен жылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай елордамыз – Астанада ашылды.

ҰЛТ АЛДЫНДАҒЫ ҰЛЫ МІНДЕТ

Париж қаласындағы UNESCO-ның штаб-пәтерінде
ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ардақталды

Еліміздің бас басылымы «Egemen Qazaqstan» газеті хабарлағандай, UNESCO аясында әлемдік мәдени серпіліске өлшеусіз үлес қосқан Қазақстанның біртуар тұлғасы, тіл білімі, әдебиеттану, журналистика, педагогика, көркем және деректі аударма, өнертану, т.б. салаларға түрлен салып, баға жетпес мұра қалдырған ғұлама, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтой шаралары бастау алды.

Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойы елімізде және шетелде кеңінен аталып өтіп жатыр. Биыл Ахмет Байтұрсынұлының көптомдықтары даярланып, тұлғатану экспедициялары ұйымдастырылып, зерттеулер жазылып, деректі фильмдер түсіріліп, ағартушы дүниеге келген мекенде тарихи нысан мен кесене бой көтергені белгілі. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, «Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс!».

Халықаралық UNESCO ұйымының ұлт ұстазының 150 жылдығын атаулы мерейтойлар тізіміне енгізуінің өзі мемлекет үшін, ұлт үшін үлкен абырой. Аталған ұйымның іс-шаралары аясында ұлы Даланың ұлық перзентінің мерейтойы Парижде, Анкарада және басқа да шетел қалаларында атап өтілмек.

Ғылыми форумның ашылуында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын еліміздің UNESCO жанындағы тұрақты өкілі, Француз Республикасы мен Монако Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елші Гүлсара Арыстанқұлова оқып берді. UNESCO-ның штаб пәтерінің салтанатты залында «Ахмет Байтұрсынұлы және ренессанстық өркениет» конференциясы ұйымдастырылды. «Қазақ өркениеті және Ахмет Байтұрсынұлы» атты бейнеролик көрсетілді.

Өз кезегінде UNESCO ұйымы бас директорының орынбасары Син Цюй мінберге көтеріліп, Қазақстан басылымы мен халқын, сондай-ақ конференцияға қатысушыларды мерейтойлы шарамен құттықтады. Иран Ислам Республикасының UNESCO-дағы өкілі Ахмад Пакатчи А.Байтұрсынұлының Азия тіл біліміндегі орны мен оның әліпбиінің ерекшелігіне тоқталды.

UNESCO-ның штаб пәтеріне барған Қазақстан делегациясы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойлық шаралары – конференцияға, шеберлік сыныптарына қатысады, түрлі мәдени-ғылыми орталықтармен, ғылыми-зиялы қауыммен, диаспора өкілдерімен жүздеседі. Қазақстан делегациясын Ғылым және жоғары білім министрлігі атынан вице-министр, PhD профессоры Талғат Ешенқұлов басқарып барды. Делегация құрамында Мемлекеттік комиссия мүшелері – Ұлттық Ғылым академиясының академигі Мәмбет Қойгелдиев, Зейнеп Базарбаева, белгілі алаштанушы, филология ғылымының докторы, профессор ҚР ҰҒА академигі, «Egemen Qazaqstan» РГ» ЖШС Бас директоры Дихан Қамзабекұлы, ҰҒА корреспондент-мүшесі Зиябек Қабылдинов, Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова, Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің жетекшісі Райхан Имаханбет, «Тіл-қазына» орталығының бас директоры Ербол Тілешов және комиссия

жұмысына атсалысып жүрген жалпы 15 ғалым бар.

Пленарлық басқосуда академик М.Қ.Қойгелдиевтің – «А.Байтұрсынұлы. Қиянатқа қарсылық», профессор Э.Ә.Ибрахимовтің – «Ахмет Байтұрсынұлының Баку Түркология конгресіндегі баяндамасы», академик З.М.Базарбаеваның – «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы феномені», Тарих және этнология институтының директоры З.Е.Қабылдиновтың – «А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметі және көзқарасы», саясаттану докторы Ә.Кесіжінің – «Қазақ ұлтын әлемдік картаға орналастырудағы А.Байтұрсынұлы еңбегі», ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлының – «Алаш мемлекеттілігі және Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасы», профессор Х.Х.Ченгелдің – «Ахмет Байтұрсынұлы: қазақ авторлары қашан және қалай пайда болды?», Е.Е.Тілешовтің – «А.Байтұрсынұлы мен М.Өуезовтің ғылыми танымдары: сабақтастық пен ұқсастық» баяндамалары тыңдалды. Ғылыми шара қорытындысында қазақ, ағылшын, орыс, түрік тілдеріндегі «Ахмет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары» атты жинақтың тұсауы кесілді.

Қазақстан ғалымдары мен қайраткерлері шетел ғалымдарымен және зиялыларымен жүздесулерде елдегі ғылым мен білім саласындағы ізденістерді, мұраттануға байланысты елеулі жобаларды, тіл білімі, әдебиеттану, тарихи әдіснама жаңалықтарын таныстырып, пікір алмасты. Шеберлік сыныптарында ғылыми ықпалдастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің және «Egemen Qazaqstan» газетінің интернет-ресурстары).

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлы – бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі.

Мұхтар ӘУЕЗОВ.

АҚАҢА КӨРСЕТІЛЕР ҚҰРМЕТ ДАРА БОЛУҒА ТИІС

Қазақта талай ұлылар шыққан, талай даналар шыққан. Соның ішінде Ахмет дара. Демек, Ақаңа көрсетілер құрмет те дара болуға тиіс.

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ, жазушы, ғалым.

ТІЛ ҮШІН, ӘРБІР ӘРІП ҮШІН КҮРЕСТІ

Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың жаны – тіл үшін, әрбір әріп үшін күресті. Тіл біліміне ғылыми қағидат, ғылыми жүйе әкелді. Мұның арғы жағында елдік, мемлекетшілдік мүдде тұр еді. Тіліміздің жаңа орфографиялық қағидаттарын дайындағанда Ахмет Байтұрсынұлы сынды мемлекетшіл ғалымдардың тәжірибесіне жіті көңіл аудару – тәуелсіздік талабы. Байыптылық, ғылыми сарап, іс-шаралар – Ақаң жолына адалдық болмақ. Себебі, бұл – біздің тағдырымыз.

Берік УӘЛІ,

«Хабар» агенттігі» АҚ басқарма төрағасы.

АХМЕТТАНУ

ҮШ ТОМ ҚҰЖАТ, ДЕРЕКТЕР ТАБЫЛДЫ

2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы» Жарлығы шықты. Сол бойынша комиссия құрылып, жұмыс істеп жатырмыз. Қаншама жаңалық ашылып жатыр. Осының бәрі халыққа жетсе екен дейміз. Мәселен, біз әу баста Ахмет Байтұрсынұлына қатысты архив құжаттарынан бір томдық жинақ дайындағанбыз. Ол екі том болды. Одан кейін үш том болды. Жуырда ғана Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жабық қорынан Ахмет Байтұрсынұлы туралы үш том құжат, деректер шықты. Қазір бұл құжаттардың барлығы зерделеніп жатыр. Алаш қайраткерлері туралы әлі талай әңгімелер болады. Жұрттың бәрі Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған қайраткерлер 1937-1938 жылдары сталиндік үлкен террордың құрбаны болды деп ойлайды. Шын мәніндегі үлкен террор 1925 жылы қазан айында Қазақ даласына Голощекиннің басшы болып келуімен басталған еді. Ал енді 1929 жылдан кейін бірде-бір Алаш қайраткерінің не аты, не мақаласы, не кітабы шыққан жоқ. Ақаңдар бастаған Алаш аяулылары тек 1988 жылы 28 желтоқсанда ақталды. Сонда 60 жыл бойы үнсіздік болды. 60 жыл бойы бұл кісілердің аты аталмады.

Ғарифолла ӘНЕС, алаштанушы ғалым.

«ПРОБЕЛ» – «СЫНА»

«Сөйлем», «одағай», «шылау» деген терминдердің бәрінің негізін қалап кеткен Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл терминдер халықтың өз тілінен сүзіліп, халық танымна сәйкес алынғаннан кейін тез сіңісіп, тез жатталып қалды. Мысалы, шылау десек, ол сөз бен сөзді байлау деген мағынаны білдіреді. Үстеу десек, ол мағына үстейді деген сияқты. Дегенмен, Ахмет Байтұрсынұлының тілдік мұрасында әлі де болса тілдік, ғылыми айналымға енгізуді керек ететін терминдер толып жатыр. Мысалға, қазір біз компьютерге теріп отырып «пробел» деген сөзді бос орын деп аударып, сөз таба алмай жүрміз. Ал мұны Ақаң «сына» деп атаған екен. Неге осы сөзді қолданбаққа?!

Гүлнар ТӨКЕНҚЫЗЫ,

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»

ұлттық ғылыми-практикалық орталығының өкілі.

ҰЛЫҚТАУ

МУЗЕЙ ҮЙІ МЕН КЕСЕНЕ

Мерейтой аясында Ақаңның туған жерінде музей үйі және жаңадан кесене салынды. Музей үйі осы киелі топыраққа тағзым жасай келген қонақтарға тарихтан сыр шертіп, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады. Торғайда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының жаңа ескерткіші орнатылды. Қос қайраткердің атындағы әдеби музейі жөндеуден өтті, экспозициясы толығымен жаңартылды. Бұл нысандардың барлығы Torgai Tour туристік бағытына енгізіледі.

Архимед МҰХАМБЕТОВ, Қостанай облысының әкімі.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҮШ ТІЛГЕ АУДАРЫЛДЫ

«Тіл-Қазына» ұлттық орталығы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқы-шы» мен «Тіл-құралын» тұңғыш рет үш тілге аударды. Еңбектің ең алғашқы данасы – қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдеріндегі нұсқалары тойға тарту ретінде ұлт ұстазының туған жері – Торғайға жеткізілді. Торғайда ашылған Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының еңселі ескерткішінің белгілі мүсіншілер Жеңіс Жұбанқосов пен Тимур Ермұхамбетов жасады. Ескерткіштің жалпы биіктігі тұғырымен қосып есептегенде 5 метрдей болады. Ал ескерткіштің еңсесі – 2,70 метр. Қаладан құйылған, асты – гранит.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН
деген не?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау процестерін барынша цифрландыруды, соған қоса әр азаматтың атына «әлеуметтік әмиян» енгізуді тапсырған болатын. Елімізде «Әлеуметтік әмиян» жобасы қолға алына бастады. Әзірге пилоттық режимде Астана қаласына енгізіліп, саралануда.

«Әлеуметтік әмиян» дегеніміз – банктік шоттың баламасы. Бүгінгі күні ҚР Ұлттық банкі Сауда және интеграция; Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп, Қазақстанда «әлеуметтік әмиянды» түбегейлі енгізу мәселесін пысықтауда.

Қазіргі күні барлық әлеуметтік төлем екінші деңгейлі банк шотына аударылады. Ал бүгінде бюджеттен 40-қа жуық түрлі әлеуметтік төлем (оның ішінде зейнетақы мен жәрдемақы да бар) төленетінін ескерсек, оларды алу үшін қазақстандықтарға екінші деңгейлі банктерден шот (IBAN) ашуға тура келеді. Бұл алысқа ұзап шыға алмайтын зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қосымша қиындық туғызатыны анық. Ал «әлеуметтік әмиян» әлеуметтік төлемді алушының ЖСН-і бо-



йынша автоматты түрде ашылады. Яғни банктен шот ашудың қажеті жоқ. Сонымен қатар, «Әлеуметтік әмиянды» арнайы мобильді қосымша арқылы пайдалана аласыз. Сол арқылы әмиянның балансын да бақылап, тауарлар мен қызметтерді комиссиясыз төлеуге (мәселен, коммуналдық қызметтерді, телефон, жол жүру ақысын, әлеуметтік маңызы бар тауарлар алуға, т.б.) мүмкіндік бар. Иә, мұндағы артықшылық сол, тауарды сатып алғанда немесе әлдебір қызмет құнын өтегенде, төлемді смартфон қосымшасы арқылы немесе

SMS-растуа арқылы да жасауға болады.

Негізі, аталған жоба халықтың әлсіз тобын қолдауға, тұрмысын жақсартуға арналған жоба. Әлеуметтік әмиянға есептелген қаражат «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес, банктер, коллекторлар және салық органдары тарапынан өндіріп алудан қорғалатын болады. Сондай-ақ, сол жоба арқылы бюджеттен әлеуметтік бағытқа бөлінген ақшаның қалай жұмсалып жатқаны да жіті бақылауда болады, яғни мемлекет бюджетінің шығыстарын оңтайландыруға мүмкіндік бе-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жансарай ИГІЛІКҚЫЗЫ,
көпбалалы ана:

ЖАҢАЛЫҚТЫ
ЖАТСЫНБАЙМЫЗ

«Әлеуметтік әмиян» дегенді тегілерден, әлеуметтік желілерден естіп, оқып жүрмін. Өз әл-қадерімше зерделеп көрдім де. Сонда түсінгенім, түрлі әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер бір картаға түсіп тұрады. Банкке барып, кезек күтіп тұрудың немесе шот ашудың қажеті жоқ сияқты. Бүгінгідей жанталасқан алқын-жұлқын тірлікте кімнің уақыты көп дейсіз, біз секілді жандарға тиімді тұстары болса, қолдаймын.

реді. Демек, халыққа да, билікке де тиімді жоба.

Айтпақшы, қазір Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп «Отбасының цифрлық картасы» мен «Әлеуметтік әмиянды» интеграциялау жүргізілуде. Бұл жүйелерді біріктіру, кіріктіру болашақта әлеуметтік көмекке аса мұқтаж отбасыларды анықтауға және оларға проактивті форматта мемлекеттік қолдау іс-шараларын уақытылы көрсетуге мүмкіндік береді деп отыр мамандар.

Одан соң біртіндеп «Бизнес әмиян», «Цифрлы әмиян» деген жобалар да қолға алынбақ. Мұның бәрі жаһандану көшінен қалмай, қарыштап дамып келе жатқандығымыздың айқын көрінісі, яғни цифрландырудың жемісі.

БРИФИНГ

TEN QOGAM

құлағы естімейтін жандарға енді арнайы қызмет көрсетеді



Алматыда құлағы естімейтін және нашар еститін адамдарға арналған Ten qogam орталығы ашылды. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы тең мүмкіндіктер бөлімінің басшысы Аманат Сұлтанғазиев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты.

Осы орайда естеріңізге сала кетейік, 2019 жылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүгедек азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында мүгедек адамдар мен олардың отбасыларына ақпараттық, кеңестік, заңгерлік және психологиялық қолдау көрсететін, жұмысқа орналасуына дөңкер болатын Ten qogam әлеуметтік қолдау орталығының тұжырымдамасын әзірлеген болатын. Бұл жоба бүгінгі күні еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылуда.

Қазақстандағы алғашқы Ten Qogam орталығы біздің Алматыда 2020 жылдың мамыр айында ашылған. Бұл орталық Жандосов көшесі, 10 мекенжайында орналасқан. Спикердің мәлімдеуінше, осы жыл басынан бері мүмкіндігі шектеулі 1768 адамға қызмет көрсетілген. Енді биыл сол орталықтың көкжиегі кеңейіп, Сәтбаев көшесі, 37 А мекенжайында құлағы естімейтін адамдарға арналған жеке орталық ашылды.

Аманат Сұлтанғазиев орталықтың сурдотехникалық құралдармен қамтамасыз етілгенін, онда ересектер де, балалар да көмек ала алатынын тілге тиек

етті. «Жыл басынан бері мүмкіндігі шектеулі 23 мың алматылық техникалық оңалту құралдарымен және әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілді. Жеке оңалту бағдарламасын 85%-ға дейін орындауды көздеп отырмыз», – деді спикер.

Айта кетейік, сурдологиялық көмекке мұқтаж 1282 адамның 970-і қамтамасыз етілген. Ымдау тілі маманының қызметтерін есту қабілеті бұзылған 760 адам пайдаланады. Орталық сонымен қатар осы топтағы адамдарға сурдологиялық көмек алуға көмектеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда құлағы естімейтін және нашар еститін 150 мыңнан астам адам, ал Алматы қаласында есту қабілеті нашар 10 мыңнан аса жан тұрады. Біздегі осы топтағы тұлғаларға арналып жаңадан ашылған Ten Qogam орталығының басшысы Аманбике Ергалиеваның айтуынша, олар сол жандардың қоғамға бейімделуіне көмектеседі, психологиялық, құқықтық қолдау көрсетеді, тұрмыстық, әлеуметтік және қаржылық дағдыларды да үйретеді. Есту қабілеті бұзылған көптеген азаматқа жұмыс табуға, өз ісін ашуға кө-

мектеседі. Әдетте олар аяқкиім жөндеу шеберханаларында, ательеде, такси қызметінде, киім дүкендерінде, сонымен қатар құрылыста жұмыс істейді. Кассада да еңбек етеді, тауарларды өлшеп, орайды, қаптайды, баспаналарда да өнімді жұмыс істейді.

«Біздің құлағы естімейтін және нашар еститін Ten qogam әлеуметтік қолдау орталығына мүмкіндігі шектеулі барлық адам, оның ішінде олардың ата-анасы мен жақындары да жүгіне алады. Біздің орталықта әлеуметтенуге көмектесетін психолог-маман кеңес береді», – дейді А.Ергалиева.

Сондай-ақ, брифинг барысында спикерлер республика бойынша есту қабілеті шектеулі жандарға арналған мамандандырылған 24 мектеп бар екенін атап өтті. Оның 2-еуі Алматыда: №1 және №5 арнаулы түзету мектептері. Оларды бітіріп шыққан түлектер 3 колледж бен Туризм және спорт академиясына түсіп, жоғары және орта арнаулы білім алуына болады. Бұл оқу орындарында құлағының мүкісі бар жандарға арнайы жағдай жасалған. Яғни олар да біздің қоғамда бәрімізбен тең білім алып, еңбекке араласа алады.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ



ЖАСТАРҒА ҰЛҒИ

Әрбір елдің қасиет тұтатын ерекше ұғымдары болады. Біздің халық үшін осындай қасиеттердің бірі – қарттарды құрметтеу. Олар – елдің алтын діңгегі.

– ҚР Ұлттық ұланның өңірлік қолбасшылығы Ардагерлер кеңесінің бастамасымен құрылған арнайы топ Қарттар айлығы аясында қарт жауынгерлердің әрқайсысының шаңырағына барып, амандасып, қал-жағдайларын біліп, сыйсияпаттарын ұсынып, қолбасшылықтың «Алғыс хатын» тапсырды. Олардың қатарында 101 жасқа келіп отырған, әйгілі Панфилов дивизиясының қарт жауынгері Қайырлы Жоңқабаев, отставкадағы полковниктер Ғалымжан Бакишев, Магомед Майнуров, Василий Мезин және тағы басқалар бар. Сонымен қатар, қарияларға материалдық көмек беруге әскер ардагері Малик Тохтаунов демеушілік жасап, үлкен көмек

берді, – дейді подполковник Бақыт Әліпбаев.

Ал ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы полковник Асатолла Құлахметов:

– Оңтүстік өңірде әскери салада еңбек еткен қарт ардагерлеріміз баршылық. Алматының өзінде 30-ға тарта қариямыз бар. Абыз ақсақалдар біз үшін нағыз еңбеккер тұлғаның үлгісі болса, жастарымыз үшін тәрбиенің қайнар бұлағы. Сондықтан алдыңғы буын аталарымыздың дені сау, ғұмыры ұзақ болсын, ақсақалдарымыздың отырған орны жастар жүгінетін, оларға жол сілтейтін ақ орда болсын, – дейді.

Ел тыныштығын тілеп батасын берген ардагерлер өздеріне көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдірді.

Бетгі дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №174 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 6 қазанда №30018 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 30 қыркүйек

№174

«Алматы қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №263 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. «Алматы қаласында қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №263 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1091 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №175 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 6 қазанда №30044 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 30 қыркүйек

№175

«Алматы қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі №223 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**
1. «Алматы қаласында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 17 сәуірдегі №223 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1476 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.
2. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №176 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 6 қазанда №30050 болып енгізілді.

ШЕШІМ

2022 жылғы 30 қыркүйек

№176

Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 «Алматы қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

ШЕШТІ:
1. Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 «Алматы қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26001 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 1 196 055 254,7 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 941 799 542 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 14 622 953,7 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 26 941 344 мың теңге; трансферттер түсімдері – 212 691 415 мың теңге;
2) шығындар – 1 155 724 638,9 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 17 803 551 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 62 881 701 мың теңге, оның ішінде: қаржы активтерін сатып алу – 63 311 701 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – –40 354 636,2 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – –40 354 636,2 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 11 296 040 мың теңге сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 10 405 906 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 32 362 649 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 326 499 890 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 43 191 495 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 48 590 732 мың теңге сомасында бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 174 853 274 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 55 162 867 мың теңге сомасында бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 26 270 413 мың теңге сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 14 343 334 мың теңге сомасында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 6 280 517 мың теңге сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 133 391 679 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 108 154 548 мың теңге сомасында бекітілсін».
2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ

Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №176 шешіміне қосымша Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 14 желтоқсандағы №101 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2022 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы		Атауы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы	Специфика			
1				2	3
				I. Кірістер	1 196 055 254,7
1				Салықтық түсімдер	941 799 542,0
	01			Табыс салығы	665 048 497,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	326 117 598,0
		2		Жеке табыс салығы	338 930 899,0
	03			Әлеуметтік салық	187 024 195,0
		1		Әлеуметтік салық	187 024 195,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	52 940 873,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	33 093 578,0
		3		Жер салығы	3 448 132,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	16 398 715,0
		5		Бірыңғай жер салығы	448,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	32 006 677,0
		2		Акциздер	20 470 704,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 974 209,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8 561 764,0
	08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4 779 300,0
		1		Мемлекеттік баж	4 779 300,0
2				Салықтық емес түсімдер	14 622 953,7
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 783 147,0
		1		Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	760 000,0
		3		Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	23 643,0
		4		Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	552 000,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 417 500,0
		7		Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	18 814,0
		9		Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	11 190,0
	02			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 626,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	4 626,0
	03			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 975,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	2 975,0
	04			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	6 784 882,0
		1		Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	6 784 882,0
	06			Өзге де салықтық емес түсімдер	5 047 323,7
		1		Өзге де салықтық емес түсімдер	5 047 323,7
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	26 941 344,0
	01			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 451 344,0
		1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 451 344,0

	03			Жерді және материалдық емес активтерді сату	4 490 000,0
		1		Жерді сату	4 400 000,0
		2		Материалдық емес активтерді сату	90 000,0
4				Трансферттер түсімдері	212 691 415,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	212 691 415,0
		1		Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	212 691 415,0
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама			
			Атауы		
				II. Шығындар	1 155 724 638,9
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	11 296 040,0
		111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	271 436,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	227 770,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	39 269,0
			005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	4 397,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 824 552,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	2 615 288,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	209 264,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	4 769 996,0
			001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 794 852,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	975 144,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	125 439,0
			013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	125 439,0
		379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	582 376,0
			001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	574 007,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 369,0
		318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	753 569,0
			001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	422 471,0
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	13 350,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	55 477,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	262 271,0
		356		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	781 198,0
			001	Жергілікті бюджетті жоспарлау, атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	681 756,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	64 301,0
			014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35 141,0
		510		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика басқармасы	367 438,0
			001	Жергілікті деңгейде экономикалық саясат саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	357 548,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 890,0
		369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	820 036,0
			001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	629 008,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	90,0
			004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	10 132,0
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	180 806,0
02				Қорғаныс	10 405 906,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	1 170 958,0
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	120 759,0



		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	21 983 948,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	12 397 213,0
		007	Тұрғын үйге көмек көрсету	31 957,0
		008	Жергілікті өкілді органдардың ішкі істері бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	2 710 851,0
		009	Мүгедектерді әлеуметтік қолдау	2 011 682,0
		015	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	3 544 975,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	360 625,0
		018	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	442 627,0
		030	Жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз ету	484 018,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	44 606,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	44 606,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 108 506,0
		001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 610 164,0
		013	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	13 124,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	1 824 516,0
		026	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	364,0
		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қауіпі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	174 178,0
		045	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 581 041,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дөлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	491 300,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	413 819,0
		370	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың еңбек инспекциясы басқармасы	140 164,0
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 982,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 182,0
		511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	2 179 536,0
		054	Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	679 536,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	1 500 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	159 853 274,0
		351	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	23 967 075,0
		010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	23 967 075,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	49 382 451,0
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	13 484 713,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	18 677 738,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	17 220 000,0
		511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	1 676 567,0

		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	776 265,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	748 365,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	151 937,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	811 655,0
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	811 655,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	27 791 851,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 578 932,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	25 830 846,0
		016	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 689,0
		028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	373 384,0
		513	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	7 794 791,0
		017	Қаланы абаттандыруды дамыту	7 794 791,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	47 664 133,0
		008	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 423 904,0
		009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13 193 068,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	261 000,0
		011	Елдімекендерді абаттандыру мен қоғалдандыру	31 786 161,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	281 505,0
		007	Елдімекендерді абаттандыру мен қоғалдандыру	281 505,0
		511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы	90 000,0
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	90 000,0
		513	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	393 246,0
		018	Қаланы абаттандыру мен қоғалдандыру	393 246,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	55 162 867,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	208 000,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	208 000,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	21 028 488,0
		004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	17 269 069,0
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 244 933,0
		006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	107 093,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	1 635 788,0
		008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	771 605,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	80 000,0
		014	Мәдениет объектілерін дамыту	80 000,0
		323	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	18 194 483,0
		001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	126 996,0
		002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	8 935 971,0
		003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	6 744 794,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 476,0
		016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 335 971,0
		032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 047 275,0

		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 370 236,0
		015	Спорт объектілерін дамыту	2 370 236,0
		121	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	36 800,0
		009	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	36 800,0
		313	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	3 631 602,0
		001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 535 990,0
		009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	95 612,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	3 698 949,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 698 949,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 600 574,0
		009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 082 932,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	517 642,0
		380	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	1 450 159,0
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	177 152,0
		002	Туристік қызметті реттеу	1 268 390,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 617,0
		302	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	1 068 146,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	128 748,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	934 536,0
		011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 862,0
		325	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	852 380,0
		001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	822 028,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 091,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	28 261,0
		361	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	943 050,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	172 038,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 757,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	763 255,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	26 270 413,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	26 270 413,0
		012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	26 270 413,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	10 343 334,0
		326	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 664 600,0
		011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	25 236,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	278 265,0
		016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	48 282,0
		021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	19 600,0
		022	Қанғибас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	235 056,0
		034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	601,0
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	431,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін	400 000,0



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

БАҒА ЖӘНЕ НАРЫҚ

САРАПТАМАЛЫҚ АЛАҢ

Алматыда VIII Еуразиялық монополияға қарсы форум өтті



VIII Еуразиялық монополияға қарсы форум барысында Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаров агенттік жұмысының 3 стратегиялық бағытына тоқталды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Бүгінгі форум біздің елдеріміздің монополияға қарсы органдары арасында тәжірибе мен білім алмасу үшін маңызды сараптамалық алаң болып саналады. Қазақстан іс жүзінде бәсекелестікті кеңейтуге мүмкіндік беретін монополияға қарсы саясаттың жаңа бағыттарын белгіледі. Біз 3 бағытты белгіледік: жекешелендірудің жаңа тетіктері, мемлекеттік қолдау шараларына тең қолжетімділік, сондай-ақ бәсекелестікті дамыту. Бұл жерде бәсекелестік ортаға бірлескен әсер етудің негізгі тетіктерін, көрсеткіштерді анықтау қажет. Көрсеткіштерге келетін болсақ, ЭЫДҰ елдерінде реттеу арқылы жасалған реттеуші кедергілер PMR (Product Market Regulation) көрсеткіштерімен өлшенеді. Біз оларды Агенттіктің тиімділікті бағалау жүйесіне енгізуді жоспарлап отырмыз», – деді форумда құттықтау сөзін сөйлеген Марат Омаров.

БҚДА басшысы, сондай-ақ, агенттіктің алдында Мемлекет басшысы белгілеген жаңа міндеттер тұрғанын атап өтті. Атап айтқанда, бағаны реттеуден кезең-кезеңімен бас тарту. Осы мақсатта агенттік нарықтардың тиімділігін арттыруды, еркін бәсекелестік үшін қолайлы институционалдық және ұйымдастырушылық

жағдайларды жасауды, бағаны мемлекеттік реттеуден нарықтық баға белгілеуге баса назар аударуды жоспарлап отыр.

Қазір нарық қатаң реттеледі, тіркелген дәрі-лдердің толық тізімі бойынша баға белгіленді. Бірінші кезеңде дәрі-дәрмектің 220 саудалық атауын, оның ішінде рецептеіз сатылатын препараттарды реттеуден шығару жоспарлануда. Бұл ретте Марат Омаров монополияға қарсы орган өз қызметін цифрландыратынын айтты. Ұлттық статистика бюросымен ҚР Стратегиялық жоспарлау мен реформалар агенттігімен бірге бәсекелестік жағдайының цифрлық аналитикалық картасы жасалады.

Жиыннан кейін журналистердің сұрақтарына жауап берген Марат Омаров мобильді байланыс операторларының бірі осы жылдың соңына дейін «Қазақтелеком» АҚ құрылымынан бөлініп шығуы керектігін атап өтті. «Яндекс.Такси» корпорациясына үстемдікті теріс пайдалану фактісі бойынша монополияға қарсы тергеу жалғасуда және оның нәтижесі бойынша тиісті шешім қабылданатын болады. Сондай-ақ, ол таңбалау операторын реттеу шарасын күшейту немесе оны мемлекет меншігіне өткізу қажеттігін айтты.

Айта кететін жайт, монополияға қарсы форум Қазақстанда 2014 жылдан бері өткізіліп келеді.

ЖОЛДАУ–2022

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ғылым мен техника саласындағы жастар саясатының өзекті міндеттері мен мәселелерін талқылау, жастармен белсенді түрде диалог құру қажеттігін баса айтқаны белгілі. Осыған орай, Сәтбаев университетінде форсайт сессиясы өтті.

ЖАСТАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Форсайт сессиясын Сәтбаев университетінің Басқарма мүшесі-корпоративтік даму және стратегиялық жоспарлау жөніндегі проректоры Ержан Көлдеев ашты.

Ол өз сөзінде аталмыш жиынның жаңа форсайт форматында алғаш рет жастарға жан-жақты қолдау көрсетуге арналып өткізіліп отырғанына тоқталды. Жалпы, форсайт – бұл ғылым мен технологияның даму тенденцияларын бағалайтын жүйелік болжамдар. Форсайт сессиясында айтылған барлық ұсыныс, ойлар мен идеялар назардан тыс қалмайды. Олар міндетті түрде «Аманат» партиялық желісі бойынша да көрініс табады. Мәселен, университет стартапқа 6 млн теңге бөліп, 3 машина жасалды. Студенттердің іссапарларына 11 млн теңге бөліді. Жас ғалымдарды қолдау шеңберінде 10 гранттық ғылыми жоба, 10 жас ғалым жобасы жүргізілуде. «Жас ғалым» байқауы жарияланды. Алдағы 3 жылға арналған үлкен гранттарға конкурс жарияланады.

Форсайт сессия барысында университет Ардагерлері алқасының төрағасы Ұлықпан Сыдықов сөз алып, болашағымызды жарқын ету үшін білімді жастар керектігін, елімізді өркендетіп, мемлекетімізді көркейту үшін сапалы білім мен саналы тәрбие алу – әрбір жастың төл міндеті екенін, сонымен қатар, қазіргі заман талабына сай заманауи озық технологияларды игеру кез келген жастың қолынан келетін міндетті жұмыс екенін атап өтті.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің
редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Әлия ЕСІМЖАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына: 7 (707) 932-39-18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ОТАНШЫЛДЫҚ

БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРЫП ЖҮРГЕН ӨРЕНДЕР

Әділетті Қазақстанды жасайтын бүгінгі жас ұрпақ. Ал олардың жүрегінде патриоттық сезім күшті және жігерлі, өнерлі, білімді, сергек болса, бізге ертеңімізге алаңдамасақ та болады. Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингке Алматыдағы әскери-патриоттық «Крейсер» клубының тәрбиеленушілері, яғни жас сарбаздар келді. Балалар ресми алаңда өздерін еркін ұстап, ой-пікірлерімен бөлісті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Олар теңіз деңгейінен 4000 метр биіктіктегі аты жоқ шыңдарды қалай бағындырып жүргендері, әскери дайындықтары және аға буынға көмек көрсететін «Жас сарбаз» атты лагерь жұмысы туралы айтып берді.

Толыққанды альпинистік дайындықпен күзге өрмелеуге баулитын «Киров» әскери-патриоттық клубы 2014 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Клуб жетекшісі Бақытжан

Перімбетовтің айтуынша, бүгінгі күні әскери-патриоттық клубта 150-ден астам тәрбиеленуші бар, олардың көпшілігі толық емес отбасылардан шыққан және жетім балалар. Олар Алматы қаласының аудандарында жұмыс істейді, балалар тегін оқиды. Алайда, екіншіке орай, олар бүгінде қаржыландырылмайды. Мегаполисте 25-ке жуық әскери-патриоттық клуб бар, олардың 8-і ғана белсенді жұмыс істейді.

«Клубтар көп форматты: десантшылар, жас шекарашылар, теңізшілер клубы бар. Клубта жас шекарашылар взводы, жас теңізшілер взводы, десантшылар бар. Біз «Жас сарбаз» республикалық қозғалысымен бірлесе жұмыс істейміз. Клубқа 7-18 жас аралығындағы жеткіншектерді қабылдаймыз», – дейді Бақытжан Сағадиевұлы.

Жас сарбаздар жетекшісі түлектерінің 20%-ы 9-сыныптан кейін «Арыстан» кадет сыныптарына немесе Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» мектебіне түсетінін айтты. 11-сыныптан кейін 5%-ы ҚР ҰҚК шекара академиясына, әскери байланыс институтына немесе Құрлық әскерлерінің әскери институтына түседі.

Бақытжан Перімбет 5–11-сыныптарда барлық жерде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныптарын ұйымдастыруды ұсынды. «Әскери-патриоттық жұмыс деңгейін көтеру үшін аптасына бір рет емес, үш рет алғашқы әскери дайындық бойынша сабақтар өткізсек жақсы болар еді. Бұл жапондық



жүйе, онда білім мен дағдылар жақсы үйретіледі», – дейді спикер.

«Киров» ӘПК жанынан тау туризмі және альпинизм секциясы да жұмыс істейді. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасындағы аты жоқ шыңдарды қазақстандық батырлардың есімдерімен атау бойынша екі жылдық жұмыс жүргізілуде. Мәселен, өткен жылы жас әскерлер осындай шыңға шығып, оны Әлия Молдағұлованың есімімен атады. Сонымен қатар, шыңдардың бірі қазір «қара майор» лақап атымен танымал Борис Керімбаевтың есімімен аталады. Қасым Қайсенов шыңы да пайда болды. Биыл балалар 4 мың метрден астам шыңға шығып, оны Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов атындағы шың деп атады. Сонымен қатар, олар бағындырған тағы бір шыңға ҚР Қарулы күштеріне 30 жыл атауы берілді.

«Әскери патриотизм барлық салаға, соның ішінде туризмге де қатысты. Тау туризмінің элементі жас әскерлердің физикалық және патриоттық дайындығында үлкен рөл атқарады. Бізде «Шығыс» шекара қызметімен және ҚР ҰҚК Шекара академиясымен бірлесіп меморандум

жасалды. Үлкен Алматы көлінде Озерное шекара заставасы бар, онда академия оқытушылары жазғы демалыс кезінде біздің жас армиямызбен жұмыс істейді. Оларды тау-кен дайындығына, тораптарды тоқу элементтеріне, шопті, мұзды беткейлерде жүруге, радиобайланысқа, бағдарлауға және зардап шеккендерді эвакуациялауға үйретеді», – дейді Б.Перімбет.

Бірде жас өрендер клубындағы балалардың тау-тасты басып, өрмелеп келе жатып, жолай жазатайым оқиға болып аяғын сындырып алған әйелді құтқарып қалғаны бар. Олар үлкен кісіні үнемі өздерімен бірге алып жүретін плащ-шатырға салып алып, екі шақырымдай жол жүріп, «жедел жәрдемнің» қолына табыстаған. Осындай жаужүрек, қайырымды, мейірімді балалардың қатарында, яғни Алматыдағы әскери-патриоттық «Крейсер» клубының тәрбиеленушілері арасында 9 жасар оқушы да бар. Біз әдетте сарбаз дегенде көз алдымызға ұлдар келе қалатыны жасырын емес. Ал бұл клубта мінезі, ерік-жігері ұлдарға бергісіз қайсар қыздар да бар екен. Жасөспірімдерге тек сәттіліктер тілейміз.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

АЛМАС ҚАРАБАЕВ – АСЫҚ АТУДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!

Жуырда Румынияда асық атудан өткен әлем кубогында ұлттық құрама сапында түлкібастық Алмас Оңдасынұлы қатысып, чемпион атанды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Аталған байрақты додада асық атудан да, бес асықтан да Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте бірінші орынды иеленді. Алмас Қарабаев – асық атудан ҚР спорт шебері. Ұлттық құрама командасының капитаны ретінде көптеген жарыстарда топ жарған. Ол сегіз жылдан бері асық ату спортымен кәсіби тұрғыда шұғылданып келе жатыр. Қырғызстан, Түркия, Пәкістан, Молдова, Болгария сынды әлемнің 8 елінен келген сайлақтар бақ сынаған додада отандастарымыз жеңімпаз атанды. Шешуші сында Молдова құрамасымен

командалық кездесуде үш жігіт те қарсыластарын ұтты. Алмас Қарабаев – Түлкібас ауданындағы А.С.Пушкин атындағы мектеп-лицейінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарады. Бүгінде биік белестерден көрініп жүрген шәкірттері де аз емес. Биыл 9 шәкірті Қазақстан чемпионы атанған. Шәкірттері «асық» және «бес асық ату» спорт түрлерінен Қазақстан чемпионатының және ұлттық ойындар чемпиондары атанып, сенімді ақтап келеді.

«Қазір баяғыдай емес, асық ату спорты дамып жатыр. Мемлекет тарапынан да қолдау бар. Тек кейбір адамдар асық атуды баланың ойыны деп қабылдайтыны қынжылтады. Неге десеңіз, бұл – нағыз спорт. Асық ату мергендікті, шапшаңдықты қажет етеді. Мәселен, ойынға екі бала шықты делік. Олар бір ойынағанда 15 минут тоқтаусыз бақ сынасады. Үш тайм болады. Сонда олар 45 минут жүгіріп, қозғалыста жүреді», – дейді Алмас.

Ұстаздың айтуынша, балаларды өзара

тартыстырған асық ұтысы өте тартымды ойынға айналған. Баланы мергендікке, жылдамдыққа, ептілікке, төзімділікке, ұқыптылыққа дағдыландыратын ерекшелігімен де маңызды. Асық ойыны кезінде адамның аяқ-қолдары, белі, мойны, тіпті саусақтың, башпайдың ұштарына дейін қимыл-қозғалысқа түсіп, дене сүйектерінің сымбатты болып өсуіне оң ықпал етеді. Команданың бас бапкері Самат Әукеновтің айтуынша, асық атудан Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орында тұр. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді. Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан қалыптасқан. Асықты ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Қазаққа «қой асығы болғанмен, қолыңа жақса сақа тұт, жасы кіші болса да, ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «сақадай сай» сөз тіркесі де бар.

БӘРЕКЕЛДІ!

МАҚСАТЫ – МҰХИТТЫ ЖҮЗІП ӨТУ

Құрал Жоламан Гибралтар бұғазын су киімінсіз 5 сағат 58 минутта жүзіп өтті. Әкесінің айтуынша, ол бүкіл мұхитты бағындыруды жоспарлап отыр.



Ол 30 қыркүйекте жүзу жарысына қатысып, Испаниядан Мароккоға дейінгі 16,7 шақырымды жүріп өткен. Мароккодағы Құралдың Африка жағалауларына жүзу Еуропаның ең оңтүстік нүктесі – Тарифадан басталды. Толыбай Таласбаев ұлының Каспий теңізінде жүзуге дайындалып жатқанын атап өтті.

«Гибралтарды жүзіп өту оңай емес. Бәрі сәтті бола бермейді. Қатты жел, қатты толқын және суық су бар дегендей. Дегенмен, Құрал жүзіп өтті. Осылайша ол 740 жүзушінің ішінен Гибралтарды су киімінсіз жүзіп өткен бірінші қазақстандық болды», – деді Құралдың әкесі.

Әкесінің айтуынша, Құрал бұған дейін Ыстамбұлда құрлықаралық жүзуге қатысқан.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

EUR/KZT 463,41 теңге



USD/KZT 468,75 теңге



RUB/KZT 7,77 теңге



CNY/KZT 65,9 теңге